



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-



ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар әскердегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжаса Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш ай ішінде барлық ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап, инвесторлармен келісімдердің жасалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі фармацевтикалық нарықтағы барлық қатысушылар үшін бірыңғай ережелерді бекітті. Биыл препараттарға бағаны төмендетудің арқасында мемлекет дәрілерді сатып алуда 36 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеді. Бұл қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталады. Сатып алу бағаларының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермейтіні түсінікті. Бірақ біз азаматтарымыздың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек. Дәрілер әділ бағамен сатып алы-

нады. Отандық фармацевтикалық өндірушілерге айтарым, біз Сіздерді әрі қарай да қолдаймыз. Оған ешқандай күмән болмасын. Бірақ мемлекеттік қолдау шаралары сапалы медициналық өнімді жеткізетін және бағаны жасанды түрде өсірмейтін нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі», — деп атап өтті Премьер-министр.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Өлназарова 2026 жылға арналған препараттарды сатып алу жаңартылған жүйе бойынша жүргізіліп жатқанын айтты. Дәрі-дәрмектердің кең тізімінің құнын төмендету нәтижесінде айтарлықтай бюджеттік тиімділікке қол жеткізілген. Бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойынша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, онкологиялық препараттарға қатысты. Мысалы, Иматиниб дәрісі бойынша баға 9450 теңгеден 2348 теңгеге төмендеді, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер өзге де профильдер бойынша айтарлықтай арзандады. Осылайша, антибиотик Цефепим бойынша

Мемлекеттік қолдау шаралары нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі



бюджетті үнемдеу 174 млн теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша – 424 млн теңгені (-18%) құрады. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Йопромид бағасы айтарлықтай төмендеді.

Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер етті. 4 900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралды. Қазан-қараша айларында дәріханалардың мониторингі танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсетті. Мысалы, «Цефапс» пре-

параты 31%-ға, «Зитмак» – 20%-ға, ал «Ревмоксикам» – 32%-ға арзандады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-дәрмектер желісінің бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш рет анықталған пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Жалпы алғанда, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып, жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді бекіту бағытында жұмысты жалғастырады.

Жетісу облысында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды тамақтандыру сапасы мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын қоғамдық штаб жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында құрылған штабтың құрамындағы жергілікті мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аймақтық филиалының, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының мүшелері және белсенді азаматтар екі ай ішінде өңірдегі 416 білім мекемесіне, соның ішінде жекеменшіктегі мекемелерге де мониторинг жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның аясында жүргізілген мониторинг барысында қоғамдық штаб өкілдері тамақтану сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мәселелерден бөлек, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына, температуралық режимге, іс жүргізуге, оқушыларды автобуспен тасымалдауға ерекше назар аударды. Сондай-ақ олар білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына қатысты мәселелерді де қарастырды.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов:

- Өңірдегі 422 білім беру ұйымының

Балалар қауіпсіздігі мен оларды тамақтандыру мәселесіне қоғамдық бақылау жүргізілді



барлығы бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етіліп, Полиция Департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Сол сияқты барлық білім беру ұйымдарында «Дабыл түймелері» қойылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөліміне қосылды. Бүгінгі күні 296 білім беру ұйымында 518 дана турникет орнатылды. Облыс бойынша 210 білім беру ұйымы 253 штаттық бірлікте арнайы

мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, - деді өз сөзінде.

Қоғамдық штаб өкілдерінің айтуынша, мониторинг қорытындылары білім беру сапасын одан әрі жүйелі түрде жақсартудың негізіне айналады.

- Балалардың қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету мәселелерін қоғамдық бақылау – аталған мәселерге қатысты мәліметтерді жинақтау, тал-

дау және бағалау ісін қамтитын кешенді жұмыс. Біздің мақсатымыз – туындаған мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу. Ал бұл ұсыныстарды іске асыру өңірде заманауи әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторинг шараларын облыс көлемінде әр тоқсан сайын жүргізіп тұрамыз, - деді «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Жалпы, биыл өңірде 3 мектептің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық, Ақсу ауданының Көлтабан ауылында 120 орындық, Панфилов ауданының Талды ауылында 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы жалғасуда, яғни Кербұлақ ауданының Көксаи ауылында, Панфилов ауданының Суптай ауылында, Текелі қаласында және Талдықорған қаласында жалпы 680 орынға арналған білім нысандары салынып жатыр, келесі жылы пайдалануға беріледі. Сол сияқты 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, соның 5-еуінде жөндеу жұмыстары аяқталды, ал қалған 2 мектепте құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық бітеді. Бұдан бөлек, биыл 14 мектепте, 5 балабақшада және 1 лагерьде – жалпы саны 30 білім беру нысанында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал келесі жылы 25 мектеп, 2027 жылы тағы 25 мектеп жөндеуден өтеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мемлекет тұрғын үй көмегінің ережелерін жаңартты: енді бәрі ашық және онлайн қолжетімді



Тұрғын үй көмек – Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Ол тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананың шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Мемлекеттің мақсаты – әлеуметтік осал азаматтарды қолдау және цифрландыру арқылы процесс ашықтығын қамтамасыз ету.

2025 жылы көмек алу жолы:

- Өтінішті онлайн egov.kz порталы арқылы немесе ХҚКО арқылы жеке түрде беру мүмкін.
- Негізгі мәліметтер (тұрғын үй иелігі, тіркелу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі.
- Өтінішті тіркеу үшін отбасындағы барлық жеткіншек жастағы мүшелердің келісімі қажет.
- ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде нормативтік есеп жасалады, бұл шешім

қабылдау процесін жеделдетеді.

Кімдер көмек ала алады

- Тұрғын үй және коммуналдық қызметтерге шығындары жалпы кірістің рұқсат етілген бөлігінен (5%-10%, мәслихаттар белгілейді) асатын, кірісі белгіленген шектен төмен аз қамтылған отбасылар.
- Көмек тек бір ғана тұрғын үйге (өздігіңізге немесе мемлекеттік қордан жалға алынған) беріледі.
- Отбасының кірісі өтініш берілетін кварталға дейінгі үш ай бойынша есептеледі, оған жалақы, жәрдемақылар, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беру, бағалы қағаздар мен сыйлықтар кіреді.

Не өтеледі

- Коммуналдық қызметтер: су, электр, газ, жылу.
- Тұрғын үй мен аула аумағын күтіп ұстау.
- Капиталдық жөндеу.
- Байланыс қызметтері.
- Мемлекеттік қордан алынған тұрғын

үйді жалға алу төлемі.

Көмек тек бір тұрғын үйге беріледі, жеке тұлғадан жалға алу мен коммуналдық қызметтердің нормативтен асқан тұтынуын немесе пәтер аумағының шектен тыс қолданылуын қамтымайды.

Көмектің есептелуі

Тұрғын үй көмегі = нақты шығындар – рұқсат етілген шығын деңгейі (жергілікті мәслихаттар белгілейді).

- Нормативтік есеп ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде аймақтық шектеулер мен нормаларды ескере отырып жасалады.

- Есептеу кезінде бір адамға 18 м² белгіленген.

Өтінішті қадамдап беру

1. Өтініш беру – eGov.kz порталында немесе ХҚКО арқылы ЭЦҚ арқылы.

2. Тексеру – мемлекеттік органдар тұрғын үй, тіркелу, отбасы құрамы, банк шоты және мемлекеттік тұрғын үйді тексереді.

3. Мәліметтерді енгізу – өткен кварталға арналған төлем құжаттарын тіркеу (тұрғын үй, коммуналдық қызмет, байланыс).

4. Қарау – әкімдіктер нормативтік есеп жасайды; мерзімі – 6 жұмыс күні.

5. Шешім қабылдау және төлеу – өтініш берушіге хабарланады; тізімдер Қаржы министрлігінің Казначейлік комитетіне жіберіліп, қаражат аударылады.

Қажетті құжаттар

- Жеке куәлік.
- Коммуналдық қызмет, тұрғын үйді күтіп ұстау және капиталдық жөндеуге арналған төлем құжаттары.
- Байланыс қызметтеріне келісім немесе төлем құжаттары.
- Мемлекеттік қордан жалға алу туралы құжат (бар болса).
- Банк шотының нөмірі (IBAN).

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі — қоғам айнасы

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Қоғамда қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінез-құлық мәселесі және бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Сарқан ауданы, Қойлық ауылдық округі әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілінің жылдың бекітілген жоспарына сәйкес, аппараттың мемлекеттік қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік, қылмыстық және әкімшілік бұзушылықтардың алдын алу мақсатында еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтау мәселесі бойынша тұрақты түрде жеке қабылдаулар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіледі.

Жарқын болашағымызды достықта, келісімде және бірлікті құрудың аса маңыздылығын түсінеміз. Әрбір қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсыда қатар жүретіндіктен, елімізде әлеуметтік хал-ахуалды жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін кездеген шаралар жасалынып жатқан кезде, әр мемлекеттік қызметші азаматтардың мүдделерін бәрінен жоғары қоюы керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс деп білемін.

Г.ШАРИПОВА,
Қойлық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



Жетісу облысында 588 кәсіпорын бар, соның 378-і өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейді. Осы жылдың он айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 323,2 млрд. теңгені құрады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі

240,1 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте оның өнеркәсіптегі үлесі – 74,3%, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ға өскен.

Облыс кәсіпорындарының өнімділігін арттырып, өндіріс көлемін ұлғайту үшін үнемі цифрландыру элементтері енгізіле отырылып, жаңғыртылады.

Мәселен, осы жылы «Қайнар АҚБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа желіні іске қосып,



Жетісу облысында 588 кәсіпорын жұмыс істейді

жаңғырту жүргізді. Сондай-ақ қойма, монтаждау желісі, лазерлік таңбалау және жұмыс уақытын есептеу жүйесі автоматтандырылды.

«Метакон» ЖШС металды лазерлік кесу және металл конструкцияларды роботтық дәнекерлеу жүйесін енгізді, ал «Алацем» ЖШС

робот-паллетайзермен жабдықталған орау цехын ашты.

Сонымен қатар қоспаны дайындаудан бастап кесіп, қаптауға дейін толық автоматтандырылған өндіріс процесімен газоблок шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

«Бұл шаралар шығындарды төмендетіп, дәлдікті арттырады және өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Жалпы, 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібі саласында 1,9 трлн. теңге көлемінде 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Олардың ішінде ірі перспективалық жобалар «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС металлургия комбинаты, «Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласы» ЖШС индустриялық паркі, «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС пакеттелген кофе мен шай өндірісі, «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын өндіретін зауыты, - деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

► АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ - ПЛАТФОРМАСЫ



АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Жуырда Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Келелі басқосуға аудандағы әріптестеріммен бірге мен де барып қатысып, жаңашылдыққа қанығып, тың серпінмен оралдым. Халықпен тікелей жұмыс жасайтын жергілікті атқарушы биліктің нағыз өкілдері – ауыл әкімдері бас қосқан ауқымды жиын барысында Президентіміз саладағы бірқатар мәселелерді нақты атап өтіп, оны шешудің жолдарын көрсетті. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі 5 бағытын атап өтіп, бұны белсенді түрде қолға алуымыз қажеттігіне жан-жақты тоқталды.

Мемлекет басшысы Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс екенін айтты.

«Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек. Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алтын бесік ауылды жан-жақты дамыту, жергілікті басқару жүйесін жетілдіру және елдің саяси-экономикалық бағытын айқындауға арналған маңызды босқосуда Мемлекет басшысы ауыл әкіміне зор жауапкершілік жүктеп, біздің алдымызға нақты міндеттер қойды.

Қала халқы тікелей дауыс беріп, сайланған әкім ретінде тұрғындармен ашық әрі нақты жұмыс жүргізу, халықпен тікелей байланыс жасап, мәселелерді жедел шешу және қоғамдық сенімді нығайту менің басты міндетім..

Амантай ОРЫНБЕКОВ,
Сарқан қалалық округінің әкімі.

ЖАҢА СЕРПІН, ТЫҢ ОЙЛАР

Ауыл әкімдерінің диалог-форумы арқылы ауыл-аймақтар мен кенттер деңгейіндегі мәселелерді тікелей көтеру мүмкіндігі берілуі — жергілікті халықтың «өзі біледі, өзі таңдайды» қағидатына негізделген басқару жүйесін қалыптастыруға жасалған маңызды қадам. Бұл бастама жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, шешім қабылдау үдерісіне тұрғындардың тікелей қатысуын арттырады. Мұндай ашық диалог алаңдары демократиялық мәдениетті дамытуға, әкімдердің жауапкершілігін күшейтуге және нақты мәселелердің шешімін халықпен бірлесе табуға ықпал етеді.

Мен бұл форумда жергілікті басқаруды дамыту мен халық пен әкімдік арасындағы ашық диалогтың маңызын ерекше байқадым. Бір сөзбен айтқанда еліміздің түкпір түкпірінен жиналған, күнделікті қарапайым халықпен жұмыс жасайтын ауыл әкімдерінің диалог платформасынан жаңа серпін, тың ойлар және құнды ұсыныстармен оралдым.



Сондай-ақ ауыл әкімдерінің диалог-платформасы аясында мемлекет дамуының негізгі бағыттарына қатысты панельдік сессиялар өтті. Талқылау жұмыстарына Үкімет мүшелері, Мәжіліс депутаттары жетекшілік етіп, делегаттардың сұрақтарына жауап берді. Сан түрлі тақырыптар қозғалған панельдік сессиялар жұмысы аса қызықты өтіп, ауыл әкімдері өздерін толғандырған сауалдарға нақты жауаптар алды. Аталмыш жиынға қатысып, өзара тәжірибе алмасу негізінде көптеген тың ойлар мен кәсіби бағыттағы пайдалы ұсыныстарды ендігі жерде Қойлық ауылдық округінің дамуына, өсіп-өркендеуіне жұмсайтын боламын.

Қорытындылай келе айтарым ауыл әкімдерінің диалог платформасы ауылдық аумақтарды дамытудағы өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді. Кездесу барысында көтерілген маңызды ойлар мен тиімді тәжірибелер маған жаңа көзқарас, тың бастамалар ұсынды. Жиыннан шабыттанып, нақты жоспарлармен оралдым.

Интернет-байланыстың сапасына, жұмыс барысында цифрлық құралдарды пайдалануға және мемлекеттік деректер базасына қолжетімділікті қамтамасыз ету сынды өзекті тақырыптар кеңінен көтерілген ауыл әкімдерінің диалог платформасы — пікір алмасу және тәжірибе бөлісу бағытындағы маңызды диалог, жаңашыл ойлар алаңы болды деуге толық негіз бар.

Асет САДБАКАСОВ,
Қойлық ауылдық округінің әкімі.

Ел дамуына кедергі келтіреді



Сыбайлас жемқорлық ел дамуына кедергі келтіреді. Бұл жемқорлықтың қоғам үшін, адамзат үшін келтіретін ең басты зияны. Алайда, сыбайлас жемқорлықтың залалы тек мемлекеттің дамуына тосқауыл қоюынан ғана көрінбейді. Қоғамда мұндай кеселдің орнығуы, қалыпты жағдайға айналуы азаматтардың болашаққа деген сенімін әлсіретеді. Барлық мәселенің жең ұшынан жалғасып шешілетінін, коррупцияның етек жайғанын күнделікті көріп, біліп жүрген халықтың билікке қатысты көзқарасы төмендейді.

Мұның соңы азаматтардың өз қабілетіне иек артпауына, болашаққа жоспар құрмауына әкеледі. Осылайша жалпы қоғамда барлық мәселе тек тамыр-таныстықпен, жемқорлықпен шешіледі деген түсінік орнығады. Ал өз елі сенбейтін, өз халқы тірек көрмейтін мемлекетке басқа елдердің қызығуы әсте мүмкін емес. Бұл өз кезегінде мемлекеттің халықаралық байланыстан тыс өмір сүруіне, экономикалық, саяси байланыстардың шектелуіне ықпал етеді.

Еліміз өз тәуелсіздігін алған уақыттан бері сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізіп келеді. Біздің еліміз тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін мемлекеттер арасында бірінші болып жемқорлыққа қарсы заң қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы бұл заң 1998 жылы қабылданып, елдегі ашықтықты қамтамасыз етуге, жемқорлыққа тыйым салуды мақсат етті.

Өрине, заман алға жылжыған сайын заңдардың да жаңарып, толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап ететіні рас. Қазақстандағы заңдарды ізгілендіру, қылмысқа жаза тағайындаудан гөрі, қылмыстың алдын алудың мықты тетіктерін енгізу бағытында қолға алған ауқымды іс-шараларының нәтижесінде 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заң қолданысқа енгізілді. Бұл заң кеселдің салдарымен емес, себебімен күресуге бағытталып отыр. Сәйкесінше осы заңды басшылыққа алған құзырлы органдар сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің, ашық, қолжетімді қызмет көрсетудің механизмін жасауда.

Д. КАЛИБЕКОВ,

ҚР Әділет министрлігі Жетісу облысы әділет департаментінің «Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.

Қазақстан табиғаты – ұлан-ғайыр жеріміздің байлығы, ел мақтанышы және келер ұрпаққа аманат. Осы аманатқа жауапкершілікпен қарау мақсатында елімізде 2024 жылдан бастап «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы ұйымдастырылуда. Акцияның басты мақсаты – табиғатты қорғау, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.



Таза табиғат – табысты болашақ негізі

«Таза Қазақстан» акциясы барысында орман алқаптары, өзен-көл жағалаулары, демалыс орындары, саябақтар мен елді мекендер аумағында сенбіліктер өткізіліп, тұрмыстық қалдықтар жиналады. Сонымен қатар, ағаш отырғызу, экологиялық дәрістер, табиғатты қорғау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл шараға мемлекеттік органдар, ұлттық парктер, еріктілер, мектеп оқушылары мен жергілікті тұрғындар белсене қатысады.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы «Таза Like», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ», «Ағаш отырғызу» бағыттары бойынша Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағына, табиғат мұражайға келушілермен, жергілікті тұрғындармен, мектеп оқушылары және колледж студенттеріне табиғатты қорғау мақсатында экологиялық дәріс пен сұхбаттар, экосенбіліктер, танымдық экскурсиялар мен экологиялық квест-ойындар жүргізілуде.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру ең алдымен әр адамның табиғатқа деген көзқарасынан басталады. Табиғатты сүю – оны қорғаудан басталады. Қоқысты дұрыс сұрыптау, тұрмыстық қалдықтарды табиғат аясына тастамау, ағашқа, суға, топыраққа ұқыпты қарау – қарапайым әрекеттер, бірақ маңызы зор. Себебі, дәл осы кішкентай қадамдар үлкен экологиялық нәтижеге әкеледі.

Табиғат – біздің ортақ байлығымыз. Оны қорғау – бүгінгі емес, болашақ ұрпақ алдындағы борышымыз. «Таза Қазақстан» – тек акция ғана емес, ол – өмір салты, табиғатқа жанашырлықтың белгісі.

А.РАМАЗАНОВА,

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ мұражай меңгерушісі.



Права пациента и доступная медицина

В Центре обслуживания населения города Талдыкорган состоялся День открытых дверей, направленный на повышение осведомлённости населения о правах пациента и системе Обязательного социального медицинского страхования.

В ходе мероприятия жители получили бесплатные консультации врачей Талдыкорганской городской поликлиники, а также представителей филиала Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу и специалистов сферы здравоохранения региона.

Посетителям подробно разъяснили порядок получения медицинской помощи и принципы работы системы ОСМС.

Особое внимание было уделено информированию граждан о правах пациентов. Специалисты рассказали о возможностях выбора медорганизации, праве на получение гарантированного объёма бесплатной медицинской помощи, а также о том, как действовать в случае нарушения прав в сфере здравоохранения. Жителям также представили нововведения в законодательстве об ОСМС, подчеркнув важность своевременной уплаты взносов и статуса застрахованности.

Мероприятие прошло в формате живого общения. Горожане смогли задать интересующие вопросы, получить индивидуальные рекомендации по своему здоровью, уточнить порядок записи на приём, а также узнать, какие медицинские услуги доступны в рамках ОСМС и ГОБМП.

Проведение подобных встреч способствует повышению правовой и медицинской грамотности населения, а также помогает сделать систему здравоохранения более открытой и понятной для каждого.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».

•101 ескертеді

Ақаусыз пеш – қауіпсіздік кепілі

Оттың адам өмірінде маңызы зор. Үй жылытып, ас дайындау, тіпті техника мен ғылымның дамуы бәрі отпен байланысты. Жылыту маусымы-өрттердің туындау себептері әдеттегіге қарағанда анағұрлым көп болатын кезең. Бірақ отты дұрыс қолданбасаңыз оның жалыны жолдағыны жалмауы мүмкін.

Төмендегілерді орындаған жөн: Пешті басқа да жылыту құралдары мен жүйелерін жылыту кезеңі алдында тексеріп, кездескен ақауларын жою; Түтін шығатын құбырларды және пештерді от жағардан бұрын және от жағу мерзімі аяқталғанға дейін үш айда бір рет тазалап отыру; Төбедегі түтін өтетін арналары мен барлық түтін мұржаларын және қабырғаларды әктеп, өңдеу; Пештің от жағар қақпағының жанындағы еденге өлшемі 50х70 см болатын металл қаңылтыр орнату; Түтін өтетін арналары, мұржалары және қабырғаларының сылақтары бұзылған жағдайда тез арада қалпына келтіру шараларын қарастыру; Қатты отынмен жанатын пештердің түтін өтетін мұржаларын ұшқын сөндіретін құралдармен жабдықтау.

Өрт немесе жану оқиғасы болған жағдайда тез арада телефон арқылы «101» нөміріне хабарлап, өртті сөндіруге, адамдар мен бағалы заттарды қауіпсіз жерге көшіруге шаралар қолдану қажет. Естеріңізде болсын! От салғырттықты кешірмейді.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Ұлы газдан – сақ болыңыз!

Ұлы газдың құрбаны болып қалмаңыз! Ол көзге көрінбейді, қолға білінбейді, қауіпті. Адамдар отынды, көмірді үнемдеу және үйдегі жылуды сақтап қалу үшін көмірдің жанып болғанын күтпей, түнде пештің мұржасын тығындап жауып қояды. Ұлы газбен улану көбіне ұйқыда жатқан кезде болады. Пешпен жылытылатын үйлерде ғана ұлы газбен улану болады деп ойлаған дұрыс емес. Көлік иелері де сақтана жүруі тиіс – өздерінің көлікжайларында оқыстан опат болғандар бар. Көлікжайдың қақпаларын жауып қойған күйінде автокөліктерін жылытпақ болады. Арты қайғылы аяқталады.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде де улану оқиғалары орын алады. Орталықтандырылған жылуды жеткіліксіз санап, тұрғындар ылғалдылық пен салқыннан арылу үшін газ плиталарын, электр жылытқыштарын қолданамын деп қайғылы оқиғаға душар болуы мүмкін. Қауіптің барлығы – қарапайым қауіпсіздік шараларына салғырт қараудан туындайды. Өмір, денсаулық үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

Ә. ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

«ҚЫЗМЕТ ЛАЙФ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Жуырда «Сарқан ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тақырыбында тікелей эфир өтті. «Қызмет лайф» жобасы аясындағы аталмыш шара барысында аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айнұр Байғужа бөлім тарапынан өткен жылы атқарылған жұмыстарды және биылғы жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратымен бөлісті.

Айнұр Серікпайқызының айтуынша Сарқан ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің «Спорттық разрядтар мен біліктілік санаттар беру туралы» комиссиясының шешімімен 2024 жылы 26 жасөспірімдік разряд, 2025 жыл басынан 10 түрлі спорттық разряд берілді.

Атап айтатын болсақ Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бөлімінің жаттықтырушылары Малик Жарылқасынов, Темірлан Маратов, Маулен Мағамбетов, Рауан Клышпаев, Олжас Амиргалиев, Төлеу Адамбеков біліктілігі жоғары деңгейдегі жаттықтырушы-оқытушы санаттарын алса, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің еркін күрес бөлімінің спортшылары Аян Сайахмет, Шыңғыс Төкен, Шыңғыс Оралхан, Амир Елубаев, Аңсар Бағдат, Аманжол Вахитов, Егор Саломатов, Серікжан Қыдырбай, Әлім Балағаз, Досмұхамед Нұрахметке II – жасөспірімдер разрядындағы спортшы санаты берілді. Ал Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің дзюдо күрес бөлімінің спортшысы Нұржігіт Балтабекке II – жасөспірімдер разрядындағы спортшы санаты берілген болатын. Сондай-ақ, Грек–рим күресі бөлімінің спортшысы Әсет Берікке II – жасөспірімдер разрядындағы спортшы санаты берілген.

Өз тілшіміз.

Жетісу облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат.

Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129.

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2025 жылдың «1» желтоқсанынан бастап 2025 жылдың «15» желтоқсанына дейін

Өтінім берудің басталу күні: «1» желтоқсан 2025 жыл.

Өтінім берудің аяқталу күні: «15» желтоқсан 2025 жыл.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; мүгедектігі бар адамдар; мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер; зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы); балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін; қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде; қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және проба-ция қызметінде есепте тұрған адамдарды; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар; аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар; наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде; қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері; әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер; азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер; жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер; коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер. бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер; медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу; мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру; қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары; мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері: отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру; мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу; әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері; мәдени-ағарту қызметі (жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері); қоршаған ортаны қорғау; халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

Вниманию предпринимателей области Жетісу!

Объявление о приеме документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

Организатор: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу».

Местонахождение: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж.

Контактный телефон: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129

Предмет приема заявок: Включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.

Место подачи заявок для включения в реестр: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108.

Сроки подачи заявок: с «1» декабря 2025 года по «15» декабря 2025 года.

Дата начала подачи заявок: «1» декабря 2025 г.

Дата окончания подачи заявок: «15» декабря 2025 г.

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включение предприниматели, относящиеся к следующей категории:

1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие занятости социально уязвимых слоев населения; лица с инвалидностью; родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалидностью; пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до наступления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту); воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет; лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение шестидесяти месяцев после освобождения; лица, отбывающие наказание в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы и состоящие на учете в службе пробации; лица без определенного места жительства; родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени; лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения; кандасы;

2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реализации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых слоев населения из первой категории;

3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие деятельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг предназначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соответствии со следующими видами деятельности: по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедеятельности в быту; по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и сохранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздоровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменения состояния здоровья граждан; по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание помощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде; по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику отклонений в поведении; по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в трудоустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией; по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциала, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению; по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравоохранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключительно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской абилитации детей с инвалидностью; по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров; по реализации образовательных программ дополнительного образования; по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населения по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;

4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие работу в следующих видах деятельности: по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства; по организации отдыха и оздоровления детей; по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, образовательных программ технического и профессионального образования; по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, испытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развитию и социальной адаптации; по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентированных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предоставления услуг такими организациями; культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологических садов, домов культуры, домов народного творчества); по охране окружающей среды; по оказанию социально уязвимым слоям населения, гериатрической и геронтологической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по ведению здорового образа жизни.

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>.

Нұрғали Көпесбаев**(Жалғасы. Басы өткен нөмірде).**

Менің нағашымды жалғыз мен емес, бүкіл ауылымыз, колхозымыз мақтан етеді. Себебі ол кісі адал еңбегімен елге жаққан адам. Нағашымның есімі Сапарғали, әкесі Рымбай, сонда Рымбайұлы Сапарғали болып шығады. 1875 жылы туылған кедей шаруаның баласы. Өзінен кейінгі қарындасы Қазиза менің анам, 1883 жылы туған. Одан кейінгі кіші інісі Молдағали 1894 жылғы.

Нағашым қарапайым қара күш еңбегін колхоз құрылысына сіңірді. Жастай ата-анадан жетім қалған олар еңбекпен есейді. Үлкен әкелерінің молдалығы болғанымен бұлар тұрмыс қиындығынан болар әліпті таяқ деп білмеді. Намаз оқып, ораза ұстап, дін жолына түспегенімен дәстүрді сыйлап өткен жандар еді. Молдағали төңкерістен кейін сауат ашып, латын әрпімен оқып, жаза білетін.

Менің нағашым Сапарғали кейінірек туып, қазіргі еңбек майданына араласса сөзсіз Еңбек ері болар еді. Егер бұрынғы заманда туса Қобыланды батырдың не өзі немесе інісі болар еді. Нағашымның бойы 2 метр 20 сантиметр, екі иығына екі кісі мол мініп отыра алады. Қасы қалың дүрдиіп тұрады, ал басы кішігірім қазандай, 63-65 размерлі бас киім керек еді. Семіз емес, еңбекпен шыңдалған шымыр денелі адам. Бұл кісі 90-ға келіп дүние салғанша дүкеннен бірде бір киім сатып алып кимеген. Себебі тура келмейді, барлық киім-кешегі қолдан тігіледі. Киімін пішіп тігетін тігіншісі менің шешем Қазиза. Аяқ киімін өзінің құрдасы Ыдырыс тігіп береді. Менің нағашым осындай ірі, күшті болғанымен өмір бақи біреумен белдесіп күреспеген, не қабақ шытып төбелеспеген адам. Қара күштің адамы, жаратушы адал қол күші еңбегі үшін әдейілеп жаратқан сияқты. Барлық өмірі сол қарапайым еңбек істеумен өтті.

Ол кісінің өз кіндігінен бала болған жоқ. Бала таппадың деп кемпірін өмірі кінәлаған емес және де менің балам жоқ-ау деп ренжіген де емес. Інісінің, қарындасының балаларын өз баласындай көріп жүре берді. Біз барлығымыз да қас-қабағына қарап өле-өлгенше керемет сыйладық.

Біздің ауылда орыс қоныстанушылардың дәстүрімен ең бірінші картоп, күнбағыс, асқабақ, қауын-қарбыз салған адам осы менің нағашым еді. Колхоз ұйымдасқаннан бері алғашқы көктемнен бастап тұқым себетін сеялкасын дайындап, ала жаздайғы еңбек майданына кірісетін. Бұл кісі 75 килограм тұқым салған қапты борпылдақ жыртылған егістік даласымен көтеріп жүре беретін. Тұқым себудің әдісі бар. Біркелкі ара қашықтығын сақтап, бірдей түсіріп отыру керек. Сонда 3 метр жер алып жүреді, екі жағына бір-бір метрден, қарсы алдына бір метр тұқым себеді. Бидай не қалың емес, не жұқа емес біркелкі түсуі керек. Нағашым бұл ережені жетік біледі. Біз, балалар, бұл кісіге түскі тамақты апарып береміз. Түскі тамақ бидай көже, айран, шалап, қазанға не қоламтаға көміп пісірілген таба нан болатын. Кей кезде жолда ойнап жүріп көженің суын ішіп қойып, орнына топатайға арықтың суын құйып апарамыз. Немесе қоюын жеп қойып құр көк шалап апарамыз. Әрине, мұның бәрі біздің ісіміз екенін біле тұра бізге ұрыспайды, керісінше мақтап қояды. Ал біз болсақ қылмысымыздың әшкере болмағанына мәз боламыз.

Шөп шабу науқанында Орымбай, Орысбай деген жігіттермен мая салады. Бұлар пар өгізбен не пар атпен сүйретіп әкелінген шөмеле шөптерді қатарлап, ашаға шаншып салады дағы лақтырып жібереді. Егін орағы кезінде менің нағашым қырман басында бидай ұшыруға тұрады. Жел соғуына байланысты тау-тау болып үйіліп жатқан бидайды күрекпен аспандатып лақтырады екен. Кемінде 4-5 метр биіктікке ұшып, төмен құлділаған бидай жерге тап-таза болып түседі. Қоқымдарын қараған сыпыртқымен шарлап тазалап отырады. Қырман өбден тазаланып біткенше өкіметке өтетіні өкіметке, тұқымға құйылатыны тұқымға бөлініп, елдің еңбекақысына берілетіні бөлек сұрыпталатын. Қалдық бидайларды қоймаға құйып біткенше менің нағашым қырман басынан кетпейді. Ақ бидай сабағынан жасап алған балаған күркесі өз үйі - өлең төсегіндей болып тұра береді. Нағашымның барлық өмірі осындай қайнаған қара жұмыспен өтті. Бейбіт еңбек осылайша жалғаса беретіндей, алдыда Ұлы Отан соғысы тұрғанын ешкім білген де, сезген де жоқ еді.

Нағашымның Өсербай атты құрдасы болды. Құрдас болғанымен кішкене болып жаратылғандықтан бойы нағашымның кеудесінің астынан келетін еді. Ал сөзге келгенде керемет алып кісідей асқақтап кететін.

-Ей, Сапарғали, осы сен шөп маясының үстіне шығып алып бір түспейсің, айға жетейін деп жүргенне саумысың? -деп тиісе келетін еді.

-Маяның үстінде тұрып айға жеткен адамды көргенім жоқ, өзің тырбандап шыға алмайсың да көре алмайсың, одан да атаман Анненковты қалай қорқытқаныңды айтсаңшы мына балаларға,-дейтін нағашым.

ғой, бұл да ерліктің бір түрі,-деп Сапекең бастап, тыңдаушылар қостап күжілдесіп жатты. Апама айтамын демекші осы Өсекең қартайып дүние салғанша әлдеқалай науқастанып қалса, "Апа-апа, апатайым" деп айқайлайды екен.

Өсекең өзінен әлдеқайда бойы ұзын, қарулы, адуын, Әдеп деген апайымызға қосылып, өлгенше бірге өмір сүрді.

-Осы Өсекең қыңқ етіп ауырса болды неге ылғи "апатайлап" ауырады? деп сұраймыз біз Әдеп апайдан.

-Бұл туғанда өте нәзік болып туыпты. 5 жасқа келгенше анасы атасының тымағына салып өсіріпті, содан ана мейірімі өбден сіңіп кеткен соң сүрініп



Өмір өткелдері



-Ой, сен де бір қай-қайдағыны ұмытпайды екенсің,-дегенімен ар жағында мақтанышы барлығын сездіріп, көзі күлімдеп кететін.

Отырған жігіттер қолқалап, Өсекеңнің қызық әңгімесін айтқызбай қоймайтын.

-Е,балалар, сол бір 1918-1919 жылдарды өздерің де естіп жүрсіндер. Ала-сапыран заман еді ғой. Кім қызыл, кім ақ екенін түсінбейміз, біресе ары, біресе бері қашамыз. Өзіміздің "Антон" селосының айналасында ылғи тақыр кедейлер мекендедік. Бір күндері атаман Анненков келіп қазақтарға өмірі көрмеген бақыт әкелдім, жиналсын деп жар салыпты. Мен сорлы атаманды көре алмай қаламын ба деп елдің алдымен келіп Анненковтың дәл қарсы алдында тұрмасым бар ма? Бір кезде есік пен төрдей құла биеге мінген, сап-сары алтын оқалары бар бір дәу келді.

-Сендерді, қырғыз-қазақтарды керемет бақыт күтіп тұр,-деді атаман үзеңгісіне шіреніп көтеріліп. -Сол үшін қазірден бастап менің армияма керекті көлікті, жейтін тамақты әкелуге куәлік беріп қол қоясыңдар.

Өздерінің киер киімі, мінер аты жоқ кедейлер қаша жөнелгенде пулеметтер тартылдап қоя берді. Ел сұлап жатыр, мен атаманның үзеңгісіне жармасып, "Ау, тақсыр, мұныңыз не, тоқтатыңыз" дегенімше мені қамшысымен тартып жіберді. Құла биенің астына қалай кіріп кеткенімді білмей қалдым. Сол аттардың астымен еңбектеп құтылып, бұта-жыраның арасымен Антон селосының оңтүстік жағындағы жотаның үстіне шығып бас бағып қарасам бақыт іздеп келген сорлылар сұлап-сұлап тырайып өліп жатыр екен. Дүние айналып, ішім өртеніп кетті білем. "Атаңа нәлет қанішер, апама айтып сазайыңды бергіземін, оңбаған... Апа-апа, аттан-аттан, жау шапты" деп ойбайлап бақыра беріппін. Менің аттаным айғай қосылып, қызылдар келіп қалған екен деп атаман Черкасс селосына қарай қаша жөнелді. Ол жақтан қызыл партизандар қарсы шығып, беріпті сазайын. Содан жылай-жылай апама келіп айтып едім, әлгі атаманды, оның бандыларын дүние жүзіндегі ең ауыр қарғыстармен қарғады. Менің ойымша апамның қарғыстары сол атаманның төбесінен зеңбіректің оғындай түсіп жатқан шығар. Өзіңе де сол керек деп екі тіземді төмпештеп қоямын.

-Сен аттандамасаң атаман қашпас еді

кетсе де "Апатайлап" жүреді,-дейтін жарықтық.

Сөзге Сапекең араласады:

-Оу, Әдеп, осы сен маған лайықтысың, ойымыз да, бойымыз да бірдей емес пе? Мынауың тырбиып, бетіңнен суюге де бойы жетпейді,- дейді құрдасының.

-О не дегенің, Сапеке, -деп жауап қатады апайымыз. Өсекеме жан жете ме, сүйгісі келсе өзім-ақ еңкейе салмаймын ба,-десе тыңдап отырған көпшіліктің ішек-сілесі қатып, жұмыстан шаршағандарын ұмытып кететін.

Нағашымның енді бір ұмытылмайтын қасиеті - елді алаламайтын. Ұлтқа, руға әсте бөлмейтін. Елдің бәрімен тіл тауып, қолында барын бөліп беріп, достық қарым-қатынаста болуды жаны жақсы көретін. Ауылдағы Шуткин, Кужечкин дейтін шаруалармен өле-өлгенше сыйласып өтті.

Менің нағашым сияқты Орымбай деген алып жігіт болды. Менің нағашымнан айырмашылығы бас сүйегі кішіректеу, көзі терең құдықтың түбінен жылтырап көрініп жататын от сияқты шүңірек еді. Сонан соң аяғының башпайы алтаудан болғандықтан екі аяғында он екі бармақ болатын. Мінез-құлқы нағашымнан аумайтын, осы екі алып адамның болмашы нәрсеге қабақ шытып, ренжігенін көрмеппін. 1936 жылы Мәскеудегі Халық жетістіктері көрмесіне біздің ауылдан Орымбай ақсақал барып Орден тағып қайтқан-ды. Асыл Орымбай, алып Орымбай Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тауып, елге оралмады. Осы Орымбайдан, тұңғыш жиені - менің үлкен ағайым Мұқаннан қара қағаз келгенде нағашымның сақалынан алты тарам жас ағып, күңіреніп жылағанын көрсеңіз. Өмір бақи мұз құрсанып жатқан Мұзды мұхит еріп кеткен бе деп ойлайтының сөзсіз.

-Сабаз ерлер қара күшпен сойылдасып соғысса бір емес, жүздеген фашистерге төтеп беретін еді ғой... Ешкінің құмалағындай қорғасын түбіне жетті-ау асыл ерлерімнің,-деп армандап күңіренетін менің нағашым.

Асыл нағашымды, асқар Алатаудай алып нағашымды елі-жұрты, артында қалған ұрпақтары ұмытпайды.

Алғашқы ұйымдасқан колхоз құрылысы кітаптан оқығандай оңай құрыла салған жоқ. Оның қайғысы мен қасіреті, бораны мен аязы, тоқырауы мен өрлеуі, қилы-қилы кезеңдері алмасып өтіп жатты. Осындай жойқын да айқын

келешек үшін бастарын бәйгеге тіккен аға буының адал еңбегіне ештеңе бөгет болған жоқ. "Елу жылда - ел жаңа, қырық жылда - қазан" деген мақал бар. Бүгінгі заманның түп қазығы 20-сыншы ғасырда осылай басталды. 60 үйлі "Қызыл әскер" колхозының негізі осылай қаланды. Айта берсең жер басып қазатын күректің жүзі шыңдалатын. Көшпенді қазақ отырықшы болып егін екті, төс, балға, егеу жинады. Тасқайрақты пайдаланды, соқа дөңгелегін майлайтын майдың өзі жоқ, темір шеге орнына ағаш шеге қақты, сымтемірдің орнына жылқының қылы қосылып есілген жіпті пайдаланды. Көктем егісінде, шөп шабу уақытында, егін жинау кезінде қамыт киіп, мойынағаш көрмеген күш-көлікті жегудің өзі тозақпен бірдей еді.

Алғашқы көктемгі егістің нәтижесі, бірлескен қоғамдық еңбектің қорытындысы шығарылатын күн жетті. Шөп шабу науқанына келіп жеткенде Сейтен, қырғыз Ыдырыс, Сәулембек деген азаматтар шалғы шыңдап, әр бригаданың құралын дайындайтын. Шөптің бәрі гүлдеп басын жарғанда бір кісідей бірлесіп, шабылған шөпті ат тырмамен жинап шөмелелейді. Әр шөмеленің салмағы бір центнерден кем болмауы керек. Ең алғашқы шөмелені ірге салып өлшеп алған соң қалғандарын көз мөлшерімен сала береді. Осы шөмелелерді ат, өгізді парлап жегіп, қыл арқанмен шөмелені орап алып сүйрей жөнеледі. Қалған шөмелелер соның үстіне күш-көліктің шамасына қарай қосып үйіледі де мая салынып жатқан орынға жеткізіледі.

Ол кезде колхоз басқармасы ғана салт атпен жүреді. Қалған бригадир, есепшілер бастаған белсенділердің бәрі жаю, өйткені күш-көлік жетіспейді. Әр бригада өз аумағынан ыңғайлы жерді таңдап алып, өркім өз жұптарымен көк талдан иіп бекітіп, үстіне неше алуан иісі бар балауса көк шөппен мықтап орап, балаған жасап алады. Мұндай балағандардан су өтпейді. Қаз-қатар тігіп тасталынған осындай үйшіктердің мұрын жарған иісі дөненді сергітіп, қуатына қуат қосады. Ішіне кіріп алып алаңсыз дем алғанда шөптің неше түрлі иісіне тап-таза тұнық ауа қосылғанда жер жәннаты - Жетісу деген ұғымды еріксіз мойындайсың.

Мұнда таңның атысы, күннің батысы қайнаған қызу еңбек. Жаңбырлы күні болмаса демалыс дегенді мұндағылар ұмытады. Бір тал шөп далада қалмауы керек. Шабылған жердің тазалығын тексеретін комиссия бұл шартты көзінен таса қылмайды. Дұрыстап тазаланбаған учаске кездессе қайтадан тырмалап, ұстарамен шаш алғандай тақырлатып кетеді.

Машинамен шөп шабатын Сапар, Мұқан, ерші Түсіпбектер алдымен көзге түсетін. Олардың шапқан жері сапалы, күндік нормалары еселеп орындалады. Қол шалғымен шабуға Байқожа, Оспан, Сағымбай, Қанабек, Данабек, Әубәкір, Нұрмандарға ешкім жете алмайды. Нұрипа, Дөмеш, Рыстыбала, Әдеп апай, Нұрила сияқты әйелдерден шыққан еңбек озаттары бар. Маяшылардан Сапарғали, Орымбай, Өсербайлардың шоқтығы биік. Шөмелеші-тырмашылардан Әлібек, Төкен, Биқалам, Гүлсім, Құлбарам, Жамбы, Биғайша, Төребек, Әуелбек, Сейпілмәліктер жүлде бермейді. Біз бұл тізімді келтіріп отырғанда бүгінгі ұрпақтарымыз ата-бабаларының аққан терін, еселі еңбегін, солардың бақыты үшін тілеген тілегін ескерсе дейміз.

(Жалғасы бар).

Алты таспа бұзау іс...

(қазақтың өрімшілдік өнері туралы)



Тұрмыстық бұйымдардың бірталайы, әсіресе ат әбзелдерінің көбісі өріліп жасалады. Өрімге ірі қаралардың, жабайы аң-құстардың ішіндегі ірілерінің терілері пайдаланылады. Дегенмен бұл терілердің де кез келген жері өрімге жарай бермейді. Түйе терісінің қомдығы, мойнағы, сиырдың шап терісі, жылқының тұтас терісі таңдап алынады. Арқар, бұғы терілерінен тізгін, шылбыр, қанжыға сияқтылар ғана өріледі, айыл, ноқта-жүген өруге келе бермейді, бастау болады деп өрімшілер күрделі бұйымдарға бұл терілерді таңдамайды.

Қажетті тері жұмсақ иленіп, түгі түсіріліп, тазаланып болғаннан кейін өрімді бастауға болады.

Өрім тұлғасына және жасалуына қарай жалпақөрім, жұмыр өрім, қырлы өрім болып үш түрге бөлінеді. Саба, торсық, айыл, шідердің алақаны, өмілдірік, құйысқан, пыстан, ноқта, жүген сияқты әбзелдер жалпақ өріммен өріледі. Қамшы, бишік, шідер, тізгін, шылбыр, қанжыға, бүркіттің аяқ бауы сияқтылар жұмырлап өріледі. Ал ноқта, жүген, қамшы, өмілдірік, құйысқан қырлап та өріледі.

Өрім жұмысының маңызды бір басқышы - таспа даярлау. Бұнда терінің екінші басын екінші бір адамға ұстатып, енді бір басын өрімші өзі сол қолымен кере тартып, жасалатын бұйымның ерекшелігіне, ұзын-қысқалығына, жалпақ-жіңішкелігіне қарай отырып өткір пышақпен біркелкі кеңдікте тіліп алады. Таспаның жалпақтығын аудырмай тең шығару үшін, пышақтың ұшына таспаның кеңдігін ұқсас қалыпта ұстап, ауытқытпай ұстап отыратын тиек (қалып) шанышп алады. Бұл алдыңғы пышақ ізімен екінші тілікті параллель шығаруға көмектеседі. Таспа тілініп болғаннан кейін, таспаның қырлары мұқалып, арнаулы ысқидан өткізіледі. Ысқы ешкінің, таутекенің мүйізінен, ырғай, шетен сияқты қатты ағаштардан жасалады. Бұл ысқы да екі түрлі болады, бір түрінде мүйіздің жалпақ бетіне үлкен-кішілігі әркелкі, формасы алуан тесіктер тесіледі, бұның трапеция бейнесіндегі кішкене тесіктерінен таспалар өткізіліп, қырлары жапырыла тартылады. Бұл әрекет бірнеше қайталанғанда, таспа майда, қырсыз, біркелкі болып шығады; екінші түрі, ашылып-жабылатын топсалы болып келеді. Жапқанда бір-біріне беттесетін беттерге қырлы, жұмыр өрімдердің бейнесіне сәйкес симметриялы ойықтар ойылады. Екінші басына қайыстан бау тағылып, өрімді қалыптан өткізгенде шыңдап, не босатып отырады. Өріліп болған бұйым осы қалыптан өткізіледі. Таспа саны өруге тиісті затқа қарай 4, 6, 8, 12, 18, 22 таспа болып бөлінеді. Қырлы өрімдерге 8, 12, 16, 18, 22 таспалар пайдаланылады. Жұмыр өрімдер 4, 6, 8 таспалармен өріледі. Жалпақ өрімге қанша таспа болса да болады. Осылайша әр түрлі өрімдерге таспаны дайындап алғаннан кейін өрім жұмысы басталады.

Өрімшілік аса жоғары төзімділікті, табандылықты, ыждағаттылықты, шебер талғампаздықты қажет етеді. 4 таспалық,

6 таспалық қарапайым өрімдер көп адамның қолынан келгенімен, одан жоғары, күрделі өрімдер осы өнерге төселген арнайы шеберлердің ғана қолынан шығады. Айтулы шеберлер әлденеше өгіздің терісінен, неше жүздеген таспалар тіліп, сыртына тамшы су шықпастай етіп саба да өретін болған. Сондықтан бұл өнерге мұқияттық, шөгелдік, үлкен парасат керек.

ЖҰМЫР ӨРІМ

Арқан, шылбыр, тізгін, қанжыға, қамшы, бишік сияқтыларды жұмырлап өреді. Жұмыр өрімдердің таспа саны 4, 6, 8, 12-ге дейін болады. Қамшы, шідер сияқтыларға өзек салынады. Салынатын өзек шыдамды, мықты қайыстардан жасалатын бұйымның бойына қарай таңдалып, түтікше жұмырланып балғамен ұрып жасалады. Сосын оны ысқының шеңбер формалы тесігінен өткізіп, ысқылап майдалайды. Өзек тегіс, майда, солқылдақ болса, өрім де маржандай тізіліп, көркем шығады. Өрім осы өзекті бойлап өріледі. Шылбыр, тізгінге, жалпы байлауға арналған өрімге өзек салынбайды, таспаларды реті бойынша кезек айқастырып өреді.

ҚЫРЛЫ ӨРІМ

Қырлы өріммен қамшы, жүген-ноқта, өмілдірік, құйысқан сияқты әбзелдер өріледі. Бұл өрімдер 6, 8, 12, 16 немесе одан да көп таспалардан өріледі. 4, 6, 8, кейде одан да көп қырлар шығарылады. Бұл қырлар бұйымды өру барысында таспаның тұйықталған тұстарынан көрнекіленіп, жалданып шығарылады да, таспаның айқасқан тұсы қобыланып, ойыс түсіп отырады. Өру жұмысы аяқталғаннан кейін, бұйымның өріміне лайық қалыппен ойылған ысқидан өткізіледі, бұл өрімді майдалап тегістеумен бірге, жас қайыстың қырын онан ары көрнекілендіре түседі. Бұл өрім жұмыр өрімге қарағанда әлдеқайда күрделі, жұмысы нәзік болады. Формасы, таспа саны, өру тәсілі өзгеше келетіндіктен, жоғары шеберлік, мол тәжірибе, табандылық пен ыждағаттылықты қажет етеді.

ЖАЛПАҚ ӨРІМ

Бұл тәсілмен саба, торсық, айыл, пыстан сияқты бұйымдар өріледі. Бұларға өзек салынбайды, жұмыр, қырлы өрімдердей күрделі де нәзік болмайды. Жақсы тілініп, әйбөттеп сыдырылған таспаларды ауыстырмай, біркелкі, тегіс етіп өріп шығуталап етіледі. Айыл-тұрмандарды өргенде, айылбастың тоғасы, шығырық, айлансоқ сияқтылар орнатылатын ұштары сол таспаның өзінен шығарылады. Айылбастың тілі өтетін орындарына да өріп келе жатып тесіктер қалдырылады. Жалпақ өрімнің ең күрделісі саба, торсық өру. Бұл бұйымдардың сыртқы көрінісі көркем, төзімді, мықты болуынан бұрын, өрім арасынан дым шықпайтындай шымыр болуы керек. Бұлар көбінде атан өгіздің жон терілерінен өріледі. Алдымен сабаның (не торсықтың) түбінен бастап төрт қанат етіп өріледі де, межелі жерге жеткенде, қабырғалары бір-бірімен жымдастырылып, қоспалары қайнастырыла біріктіріледі. Ал торсықты сусын құюға,

алып жүруге, қанжығаға байлауға ыңғайлы етіп, сыртын айшықтап, оған иық шығарып, аузын қақпақтап, бау тағып отырып өріп шығады.

Міне, бұлар өрім жұмысының негізгі барысы. Ендігі жерде әбзелдерді айшықтап, қосымша бөліктерін орналастырып, мұкамал бұйым етіп шығаруға кезек келеді. Ноқта-жүген, құйысқан сияқты әбзелдердің өзара айқасатын, бір-біріне жалғасатын бөліктері болады. Бұларды шеберлер бір-біріне бөлек телімей, бір жолда қиыстыра шығарып кетеді. Мысалы, ноқта-жүгеннің сағалдырық, кеңілдік, кеңсіріктерін, шідердің бұтағын, құйысқанның айқасқан түйінін осындай тәсілмен өреді. Бұлар жымы білінбей, біте қайнасып, ен материялдан тұтас ойып алғандай әсер береді. Ендігі жерде бұған ұсталық өнер араласады. Яғни ноқтаға шылбыр тағатын айналсоқ, жүгенге ауыздық, сағалдырыққа ілгек, айылға айылбас-тоға салутеміршілік өнері арқылы жүзеге асады. Сосын қажет деп тапқан жағдайда бұл абзелдерге алтын-күміс құймалар қағылып әшекейленеді, пыстан сияқты жалпақтау әбзелдерге алтын не күміс шабылған күміс ою өрнегімен қиылған темірлер қағылып, алтыннан сым тартылады. Бұл әшекейлер сол бұйымның көркемдігін асырып, иесінің салауатын әйгілеуден сырт, өрімшінің шеберлігін, ұсталығын да танытады. Бұл күндері айланып келіп ұлтымыздың ұлағатты өнері мен ақыл-парасатының көзекі белгісі есебінде қастерленетін дәстүрге айланды.

Өрім арқылы орындалатын жұмыстардың ең көрнекті және жалпыласқан түрі - қамшы. Ол халқымызға сәндік бұйым әрі қару есебінде кеңінен танымал. Қамшының қазақ арасында - сары ала қамшы, дойыр қамшы, дырау қамшы, жыланбауыр қамшы, үш өрме қамшы, шайтан қамшы, бозбала қамшы, қыз қамшы, тобылғы қамшы, елік қамшы, қорғасын қамшы, т. б. көптеген түрлері бар. Бөріндегі ортақ ерекшелік - басының өріліп жасалатындығы. Қамшының өрімі негізінен қырланып өріледі, бұған алты таспадан, он екі таспаға дейін істетіледі. Алты қырлы, сегіз қырлы, он екі қырлы болып келеді. Өрімнің ершіміне қарай «бұзауіс, жылан бауыр, құс таңдай» деп атайды. Өрім дайын болғаннан кейін оны жақсылап саптауға тура келеді. Қазақта «қамшының алақанын он жыл ұйқаласаң он жылдық, бір жыл ұйқаласаң бір жылдық» деген тәмсіл бар. Бұл алақан деген өрім мен сапты жалғап тұратын, ең көп қозғалатын бөлегі. Тәмсілде айтылғанындай, оған иі жақсы қанған тері және құйма қағылатын бір қабат көн істетіледі. Сапасы нашар немесе иі қанбаған теріден алақан салса, ұзаққа бармай бөлініп қалады.

Қамшы саптауда, қамшы өрімінің жуан-жіңішкелігі, ұзын-қысқалығы өлшем етіледі. Соған лайық сап таңдалады. Сапқа тобылғы, ырғай секілді мықты ағаштар, кейде ұсақ малдың жіліншігі қолданылады. Тобылғыны сап еткенде, қабығын аршымай, табиғи түсімен саптайды. Сап болатын тобылғының бір

жақ қыры бауырлап тегіс жонылады да, өрімге жалғасқан алақанға қайыс таспамен домбыраның ішегін таққан сияқты әр екі немесе үш елі жерінен бір шалып, қос қабатталып байланады. Қолға ұстайтын жеріне бір жарым тұтамдай көн не былғары оралып қолдық жасалады. Қолдық болатын көннің сап жақ ұшы айландыра тілініп, шашақ төгіледі. Бір тұтамдай тұсынан көлденең тесіліп, бүлдірге тағылады. Бұл қамшының ең қарапайым түрі. Тобылғы не ырғайдың қабығын тазалап аршып, сыртын көн не былғарымен қаптап, таспамен не жезбен бекітіп, алақанына құйма қағып, шашағын мол, ұзын төгіп те жасайды. Бұл көбінде боз балалар ұстауға қолайлы болады.

Сары ала қамшының сабын тұтастай мыс немесе жез шыбықпен орап, басын сапбен біте қайнастырып бітеулеп тұйықтайды, бауырына күміс жалатылған темір арқау, жон арқасына шыбық салып, құймамен әшекейлейді. Алақанындағы құймаларға тас орнатылып, шашағын мол, ұзын төгіп, бүлдіргесін де күміс ширатпамен безейді. Бұндай қамшы аса көркем, ерекше салтанатты болады, ондай қамшы тұрған үйге жын-шайтан жоламайды деп есептейді. Қамшының енді бір парасының сабы да тұтастай өріммен шығарылады. Сап пен өрімді шығырықпен топсалап қоятын да түрлері болады. Бұл серіліктің белгісі есептеледі. Бұлардан тыс қамшыны еліктің, тауешкі лағының сирағымен де саптайды, қара тұяқтың ұштарына құйма қағылып, жіліншігіне қолдық жасалып, алақанының көмкеруін қайыспен көктеп қояды. Бұндай қамшыларды қару есебінде ұстамайды, сән үшін ұстайды.

Енді өріміне темірден өзек өткізіп, ұшына қорғасын құятын қамшылар болады, бұларды дойыр дейді. Өрімі жуан, ұзын әрі солқылдақ қамшыны дырау деп атайды. Бұлар арнаулы қару есебінде ұсталады. Тағы бір есте болатын нәрсе: қазақ қамшының өрімін сабымен тең жасайды. Не сәл қысқа, не сәл ұзындау болады.

Дырау қамшы қару есебінде болғандықтан бұл ырымға сыймайды. Бұны жолғып ұстаудың өзіндік себебі, пәтуалы ырымы бар, бұны әлі де зерттеу керек.

Ал жоғарыда айтылған қамшының түрлерін әр түрлі кәсіптегі, әр түрлі жастағы адамдар өз салауаттарына қарай ұстайды.

Тағдыры жылқымен біте қайнасқан қазақ сияқты еркін халықтың тұрмысында өрімшілдік аса жоғары мәнге ие болған. Бұл ұлтымыздың шаруашылығымен, өмір сүру дағдысымен, көркемдік талғамымен, тіпті дүниетанымымен тамырласып жатқан өнер. Қолдану аясының тарылуына ілесіп, бұл өнердің де жалғастырушылары азайып бара жатқаны өтірік емес. Сондықтан, бұл өнерді де жаңаша түлетіп, сынын жоймай қастерлеп, бағалай білу жетелі ұрпақтың борышы болмақ.

Шәкен БӨКЕТАЙҰЛЫ.

Ұрпақ тәрбиесі туралы сөз қозғағанда «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» деген тәмсілге тоқтамай кетпейміз. Әсіресе қыз баласының өмірінде ананың алар орны зор. Қыздардың іске икемді, ақылына көркі сай болып бойжетуі тікелей ана берген тәрбиеге байланысты. Сол себепті кез келген ана қыздарының қол қусырып отыруын жат әдет санап, оны әлімсақтан еңбекке баулыған. Қолы қалт етсе ине ұстатып, тігін тігуге бейімдеген. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз де тігін тігу өнерін анасынан үйренгенін айтады.

Алтын Сламқожақызы – атамекеніне осыдан үш жыл бұрын елім, жерім деп аңсап келген қандасымыз. Анасының айналасында жүріп құрақ құрауды, киім тігуді үйренген кейіпкеріміз Алтын өз ісінің шебері болып, өскелең ұрпаққа өнегесін бөлісіп жүр.

– Менің ата-анам Қытай мемлекетінде зиялы қауым өкілдері болды. Өзім көпбалалы отбасынан шықтым. Анамның тіккен тігініне, ойған оюына қарап отыратынмын. Ол тігін тігу ешқашан ұмытылмайтын іс екендігін айтып, қолдау білдіріп отыратын. Содан 18 жасымнан бастап анам осы іске баулыды. Біз тұрған жерде аудан орталығында тігін курсын оқыдым. Кейіннен Үрімжі қаласында да тігін курсын оқып, тәжірибемді одан ары арттыра түстім. Кейіннен отбасын құрып, балалы болғаннан кейін уақытша тігіншіліктен қол үздім. Осыдан үш жыл бұрын атамекен деп аңсап келіп, үйде бос отырмайын деп базардан шағын тігінхана ашып, қайтадан қолөнерімді жалғастырудамын. Қазақ бүгінге дейін құрақ құрап, көрпе тігеді, көйлек пішіп, ою салады. Бұл ешқашан өзін жоғалтпайтын сала, – дейді ісмер.

Тоқыма өнеркәсібі, тігін тігу өнері еліміздегі жеңіл өнеркәсіпті дамытып отыр. Кез келген жерде ұлттық нақыштағы киімдеріміз сатылымға шығып, отандық брендті қалыптастыруда. Сондай ілкімді істерде Алтын ханымның да үлесі бар. Әсіресе қазақ төл өнер санайтын құрақ құрауда. Бұрынғы заманда құрақ құрау матаның қиындысын ысырап етпес үшін жасалған. Ал қазір ол қыз жасауының көркі, шаңырақтың шырайына айналды. Бірақ құрақ көрпенің өңін келтіріп, келбетін кіргізу үшін қажырлы еңбек керек. Бұл турасында кейіпкеріміз былай дейді.

– Құрақ жасау шыдамдылықты талап етеді. Бұл жерде түстің бір-бірімен үйлесімділігі өте маңызды. Матаның да

Шеше көрген тон пішер...



қалай қиылғанына назар аудару керек.

Көбінесе Алтын киім-кешек атап айтқанда шалбар, оюмен әшекейленген шапан, қыздардың көйлегі сынды бұйымдарды тігеді. Сонымен қоса көрген жанның көзі тоятын көрпе-жастығына, төсек жабдығына тапсырыс беретіндер аз емес.

Өңгіме арасында аудандық іскер әйелдер кеңесінің мүшесі, кейіпкеріміз өз қолымен тіккен бас киімді көрсетті. Қытайда бұны «Қызы қалпақ» дейді. Таза қолдың жүнінен дайындалатын киіз қалпақты дайындап, тігуге 4 күндей уақыт кетеді екен. Бұны негізінен аталар киеді. Жас жігіттер тақия киеді, гүлі, ою-өрнектері көп болады, ал керісінше орта жастағылардың бас киімінің гүлі, оюы аз болады. Қыздарға тігілетін бұйымдардың ішінде қалта дорба мен аяққапты көрсетті. Қалтадорба деп атайтыны бұрынғы заманда жиһаз болмағаннан кейін қыздар тарақ, айна сияқты заттарын дорбаға салатын. Ал аяққап дегеніміз оған киім-кешек, түрлі заттар салынады. Қытай мемлекетінің қазақтар қоныстанған аймағында әлі күнге дейін осындай бұйымдар қолданылады екен.

Тігіншінің болашақтағы жоспары өзінің қолөнер бұйымдарына тұтынушылардың санын арттырып, көлемді тігін тігетін машинасын алып, үлкендеу ғимарат ашып, тапсырыспен көбірек тігін бұйымдарын шығарып, қосымша тігіншілерді тапсырыспен қамту. Ісмер жанның арманы киізден бұйымдар жасауды жетілдіру. Атап айтқанда жергілікті жерде сұранысқа ие болып жүрген «Қызы қалпақ» тігу, шетелден келетін туристерге тарту ретінде ұсынылатын кішірек қана киіз үйдің моделін жасау. Кейіпкеріміздің айтуынша қазіргі таңдағы ұсынылып жүрген кішкентай киіз үйлер таза киізден жасалмайды, оған синтетика мата қосады.

Сөзге шебер, іске де ұста халқымыздың мәдениетін паш ететін құндылықтарының бірі – оның қолөнері. Қазақ ұлттық киімдерінің етек-жеңіне оқа тігіп, кимешектің өңіріне, жақтауына кесте жүргізіп, тігіншілік өнерді ұлықтап жүрген халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұрарлық өнер туындысы.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

● Оймақтай ой

Күнгей мен көлеңке

Қызметі өсті, қызметімен бірге көзінің еті өсті, бірақ деңгейі сол қалпында.

Кабинеті кеңейді, дегенмен жүрегі тар. Айналасындағылардың жеңісіне қуанбайды, жақсылығын көре алмайды. Қарауындағылар амалсыз амандасады, тойға барса орны төрде болғанымен көпшіліктің көңіл төріне орныға алған жоқ.

Ол күні кеше «мансабым мені биіктетеді» деп ойлайтын. Күннен күнге жанашырларының көз алдында аласарып бара жатыр.

Жұлынған жапырақтар

Тамыздың соңында-ақ татар дәмі таусылып, құлайтын жапырақтар бар. Қыркүйекте сарғая бастаған жапырақ-жүректі жел жұлмалап, дауыл зорлықпен үзеді. Қазан мен қарашада алты ай жаз бойғы қызығын тауысқан тал-теректің жамылғысы сыпырылып түсіп, қызыл-сары түсті көрпе болып қара жерге төселеді. Көп ұзамай күздің жауынымен, қыстың қарымен бауырласып, тыңайтқышқа айналады.

Адам өмірі де осылай. Ажал сағаты мезгілімен соқса дүние-дәуренмен армансыз қош айтыспай ма?

Өкінішке орай дауыл дірдектетіп, жауын жұлмалаған жапырақтай ерте үзілген тағдырларды аяйсың. Бірі дерттің құрсауынан шыға алмайды. Екіншісі өмірдің өкпек желіне қарсы тұра алмайды. Сүрініп тұрып кеткендерге сүйсінесің, бүгіліп қайта тұра алмай сынып кеткендерді естігенде күйінесің. Жұлынған жапырақтар-ай...

Жомарт ИГІМАН.

► Пікір

ТЕКТІЛІК - ПЕЙІЛДІН КЕҢДІГІ

Марқұм әкем айтушы еді: "40 жыл бай болған адам кедейленсе - тағы 40 жыл бойы бай сияқты мәрттігін көрсетіп жүреді. Ал 40 жыл кедей болған адам байыса - тағы 40 жыл бойы кедей сияқты жоқтығын көрсетіп жүреді. Ол - уызына жарымаған, түк көрмеген қуыс кеуде" дейтін.

Иә, түбі шикі, уызына жарымаған адам қанша бай болса да, түрінен кедейлік табы кетпейді. "Жетім қозы сүтке тоймайды, жетім бала нанға тоймайды" деген. Балалық психология ешқашан да өзгермейді.

"Кедейден шыққан бай жаман, қысыр емген тай жаман" дейді халық даналығы. Бір танысым бар еді. Кейіннен байыды. Бірақ сол баяғы күйі өзгермеді. Әр нәрседен пайда көріп қалу әдетін қоймады. Бұрында болмаған беделі сол төмен қалпында қалды.

Соған қарағанда текті, тексіз деген рас-ау деп қалдым. Тектілік қанмен беріледі. "Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да - тартпай бір қоймас тегіне" дейді. Тегінде, генінде, қанында биіктік, ынсап, сана болмаған адам жарымайды. Кезінде тектілерді қырып, орнына тексіздерді бастық қылғанның зардабын әлі тартып келеміз. "Тексізді төрге шығарма" деген қазақ. Жарлының байығаны қиын, жан-жағын жапырып өтеді. Біздің бүгінгі билікте кілең уызына жарымаған тексіздердің ұрпақтары отыр. Жарымағандар тойымсыз келеді. Олардың жемқорлыққа үйір болуының өзі де - тексіздігін айғақтайды емес пе? Қазіргі билікте отырғандар, кезіндегі билікте болған коммунистердің ұрпақтары. Олар ешқандай таршылық көрген жоқ. Ішкені алдында, ішпегені артында, бар жақсыны солар киді, тарлық көрген жоқ. Бірақ сонда да жемқор. Қарны тойғанымен, құлқыны тоймайды. Ашкөздік әдеті қалмайды.

Ал тектілік деген - тек байлыққа қызықпау ғана емес, мұратын, мақсатын, арманын, күш-қуатын ел-жұртының болашағына арнау, жұртына риясыз қызмет ету, қажет болса - осы жолда құрбан болу!

«Кең пейілді кемімес, тар пейілді кеңімес» деген. «Құдай пейілімізді алмасын» дейтін қазақ едік. Пейілсіз болсаң неше мол дүние жисаң да ел алдында беделден жүрдайсың, малың қартайып өлетін шығайбайсың. Пейілдің оңғарылғаны - ісіңнің оңға басқаны. 1937 жылы коммунистер жасаған қызыл қырғында «тектің бәрі қырылды» деген бекер сөз. Қазақ негізімізге түбі бір тартамыз. Бірақ біздің пейіл деген осы екен деп біресе даңғойлыққа салынып кететініміз тағы жаман. Пейіл деген тек дүниені оңды-солды шашу емес. Ол меніңше дархан көңілді, айналасына жайлылық ойлап, жақсылық сыйлап тұратын, жақсы тәрбие көрген адал ниетті, жайдары мінез иесі. Пейіл- пейішке апарады деген. Биліктегілер мейірсіз бола ма, мейірлі бола ма, өз пейілдеріне қарай жазаларын өздері әйтеуір бір тартады. Қанша жерден дүниені құлқын үшін шашып-төксең де, қи домалатқан қара қоңыз болып қалғаның. Текті адам бар болса да, жоқ болса да абыройлы болады. Ең бастысы - елдің пейілі тарылмасыншы!

Жөксен ӘБДІРАХМАНОВ.

Өлеңі өзіне ұқсамайтын, болмыс-бітімін жасырып, таным-түйсігін жазғанына азық етпейтін ақын бар дегенде сену қиын. Сондықтан шайыр шығармашылығын оның туған топырағынан, өскен ортасынан, қала берді тағдыр-талайынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Ақын біткен жанын жегідей жеген ой-дерті болмаса өзгенің өкініш-наласына ортақтасып, жүрегін жүдетіп, жүйкесін жұқартып, түнмен тіл табысып, таңмен таласып, ақ қағазбен сырласар ма? Уайым-қайғыдан ада, мұрты майланған тоғышардан жүрек қылын шертетін жөндем сөз шыға қоюы неғайбыл. Ендеше, өзіндік үні бар, көңіл түпкірінде тылсым сыры бар, көкейінде тұңғыық мұңы бар адам ғана ел мен жердің мүддесін көтеріп, ақындық ауылына ат басын тірейтін көрінеді.



Ордаш ақынның ойлы жырлары

1947 жылы Көпбірлік ауылында дүниеге келіп, елуден еркін аспай жатып тірлік сапары шектелген Ордаш Кендірбаев, міне, осы саптан көрінетін, өміршең өлеңдері өзіне, өзі өзегін жарып шыққан жайдары да жасампаз жырларына ұқсаған айтулы ақын болатын. Енді біздің еншімізге осылайша Орекең туралы өткен шақпен сөйлеу жазылыпты. Соңына том-том кітап қалдырмаса да 1980 жылы жарық көрген тырнақалды жинағы "Бастауы" арқылы оқырман жүрегіне ақынның ойлы жырлары орныққан-ды. Түрлі мерзімді басылымдарда сағындырып жүріп жарқ ететін төрт аяғын тең басқан толымды туындылары сөз қадірін түсінетін өлеңқұмар қауымды бейжай қалдырмағаны да сондықтан.

- Жетісудың желегі-ай,
жап-жасылы-ай,
Көк жиекпен көл жатыр
жалғасып-ай,
Алатаудың алқызыл алмасын-ай.
Ауасына алған ба бал қосып-ай!...
... Ат жалыннан ұстаған жап-жас

ұл-ай,
Қалай сенің жұлдызың жанбасын-ай! - деп туған жердің төсінде тұрып айналасына аялай қарап, төңірегіне тамсанып, ет-жүрегі елжіреп, өлеңдерінде жан-дүниесі ән салып тұратын Ордаш ақын есімін сырттай естіп жүргенмін. 1977 жылы ару Алматыда жүздесіп, журналистика факультетінің сырттай бөлімінде бірге оқуды тағдырдың бізге жазғаны бар. Бірінші күннен аға-інідей бауырласып, туысқандай табыстық, келе-келе әңгімеміз әдебиет ауылына ойысқанда сыралғы достай сырласқанымыз аян.

Сіздің түпсіз терең теңізді немесе құлаштап жүзсең де қарыңды талдырып, жағалауына жеткізбейтін айдын шалқар көлді көргеніңіз бар ма? Әдетте сол айдынның беті тып-тыныш жатқан күннің өзінде тереңінен қайнар бұлқынғандай ішкі ағыс толқынданып буырқанушы еді ғой. Ордаш ақынның да сырты сабырлы көрінгенімен ішкі дүниесі аласапыранға толы болатын. Оның жаны дауылды күйге бөленген, өзіндік буырқанысты бұла әуені, сырлы сазы бар. Осы тебіреніс жүрекжарды өлең-жырларында айнадай айқын көрініп тұратын.

- Толқындар, уа толқындар,
ақ бас шындар,
Қанша қыздың қиялын ап
қаштындар.
Әйтеуір маған да тән мол шабытпен,

Сезімнің сыр пернесін
нақ бастындар.

Құса боп қосыла алмай қосағына,
Ертеде құлапты ару осы ағынға.
Сондай бір өткен-кеткен еске түсіп,
Көңілің шаққа толқып, босады ма?
Немесе кеуделері кектегенде,
Жауына бадам өстіп беттеген бе,
Әлде, өзің өрлігінді көрсеттің бе,
Толқындар жүреді деп тек тереңде,
- деген өзі туып-өскен Көпбірлікке көрік беретін қарт Балқаш туралы толғанысынан ой тереңдігін мақсұт тұтқан ақынның пайымды парасатын тануға болады.

Ерке желдей еркіндікті ат жалында деп сезінетін қазақы қалып Орекең өлеңдерінде өзіндік қиюын тапқан. Шалқу, толқу үстінде туындаған жырларының өзегі биіктікпен, асқақтықпен астасқанда өз еркінен тыс арғымақты символ етіп алатыны ұлттық үрдісімізге сай ұғымнан туындағаны сөзсіз.

- Астымда асау арғымақ,
Арғымақ - асыл Ар-намыс.
Арындап келем әр күні-ақ,
Аяқсыз артта қалмады іс, - деп желмен жарысқан жүйрік арқылы арнамысты мегзесе де;
- Сол кезде ашуланбай, арай атқан,
Жан әке, кеудендегі сырды ұғынам.
Әлі де құлап келем талай аттан,
Бірақ та жібергем жоқ шылбырынан,
- деп мақсатқа адалдығынан танбаса да;

- Бойы бұлғаң бос белбеу
бала емеспін,
Даңғаза өмір, думанды далада
өстім.

Аттан құлап жатсам да айдалада,
Қарамасын мүсіркеп маған ешкім,
- деп өмір кедергілерінен өту үшін жүрегін жаныса да;
- Мінген атым астымда құнан еді,
Әу баста аяқ алысы ұнап еді.
Бесті шығар белесте белі кетіп,
Көтере алмай қалғаны мына мені, - деп бала кезгі асқақ арманын іздесе де;
Дәуренім қандай дер едім,
Қызықтың көрдім не түрін.
Сапар көп. Сипап келемін,
Кербестімнің кекілін, - деп жастықтың жасыл бағында қиял-құсын көкке самғатса да;

- Бәйгеге түссем, әке, осы үмітпен,
Тегінде түлегіңнің аршыны ерен.
Көрсетсем бос белбеулік
"О, шірік!" де,
Шаппайды қаса жүйрік қамшыменен,
- деп ізгілік жолындағы ізденістен

жалықпайтынын әйгілесе де;

-Жарауға бауыр жаздырып,
Жүргенде саған кездестім.
Жігіттік желік, наз, күдік,
Сиқырлы күштер (сезбес кім?), - деп серіліктің сырын шертсе де сол кезгі көңіл күйіне дәл келетін теңеуді халқымыз ардақ тұтар арда түліктен, ер қанатынан табады. Бұл, әрине, ақынның сөздік қорының аздығынан емес, бала кезден жадына сіңген қасиетті ұғымды жазғанының шырайын келтіріп пайдалана білудің өзі шеберлік емес пе?

Осы бағыттағы іргелі ізденістерінің айғағы ретінде Мұқағали ақынға арналған "Ақбоз атты ағайым" атты өлеңін толық келтіре кетейік:

Алатауым-асыл маң,
Ақтардың ба жыр селін.
Ағып өтті қасымнан,
Ақбоз атты бір серің.
-Аға, - дедім айқайлап,
Мені өзіңмен ала кет.
Аялдады байқай қап:
- Қолқанды айтшы, бала, - деп.
- Тәкаппар өр тұлғанды,
Жақын тартты жүрегім.
Аңсап сондай тұрғам-ды,
Жырақтағы жыр елін.
Болсаң інім дарынды,
Арындап бір алшы дем.
Деді де, - сал барыңды!
Осып өтті қамшымен.
Қол созатын бәлденбей,
Көрдім күшін кеңдіктің.
Әлденеге әл келмей,
Жүруші еді... енді ұқтым.
- Алдағы бұл атты кім?
- Асу бермес шоқтығым.
Көз жазбасам жат күнім,
Жолда қалсам жоқ құным.
Жиған түрлі сөзді асыл,
Жырың өршіл борандай.
Амал не, тек өз басың,
Кеттің қайтып оралмай.
Ақбоз атың алда жүр,
Кеудеде от боп жансын жыр.
Ал, ініңе дәл қазір,
Керек боп жүр қамшың бір.

Жасанды жарқылдан, орынсыз ақылгөйліктен ада Орекең өлеңдерінің бәсін биіктетіп тұрған тағы бір ерекшелік: оның күй өнерін, ән өнерін бүкіл болмысымен сүйе, сезіне білуінде деп пайымдауға негіз бар. Күйшілігі, әншілігі өз ортасына аян, күй тылсымымен арбап, небір күрделі шығармаларды беріле ойнағаны, екінші бірі тәуекел ете алмайтын кең тынысты халықтың, халық композиторларының әндерін жеріне жеткізе орындағаны, баянды

құйқылжытып, алқа топтың делебесін қоздырғаны оның әріптестерінің, жақын-жұрағаттарының жадынан өше қойған жоқ. Тіпті көпке әйгілей қоймайтын қасиеті-сазгерлігі де бар еді, жүрек қылын қозғайтын нәзік әуенге елтіп тыңдағаным күні кешегідей көз алдымда. Оның бойындағы осы туа бітті қасиет көптеген өлеңдерінің асыл тініне айналыпты. Ақынның өнер тақырыбына келгенде айбынданып, арқаланып кететіні де сондықтан болар. Ордаш Кендірбаев шығармашылығымен кеңінен танысам деген оқырман "Аяулы шақ па еді, осы..." "Ән", "Қырғыз қызына", "Шырқа, баян", "Саржайлау" сынды өлеңдерін қалыс қалдырса ұтылғаны. Осы сарындас бір-ер өлеңдерден үзіндіні



назарларыңызға ұсына отырып, өз тақырыбын тапқан ақынның өнерде ізі қалмауының мүмкін еместігіне тағы да ден қоямыз.

Өтті-кетті десек тағы қай тұста,
Өз салмағын арқалаған со күндер.
Қаусаған ба - қара шалмен айтыс та,
Боркемік пе - сексеуілдің шоғын көр.
("Өтті-кетті десек тағы..."

33-бет. "Бастау"). ...
Әйтеуір өткенді еске бір ап ғасыр,
Айтады ақтарылып құлаққа сыр.
"Қайран шешем" деп қана егіледі,
Балаң жүрек көңілі мұрат - хасыл.
Тартшы дос, домбыранды,

бас пернесін,
Мұрасын бабалардың

қастерле шын.
Шірік-ай, "Ақсақ құлан" сүрінерде,
Сезіп пе жүрегінің өсте өлмесін.
("Домбырадан төгіліп",

35-бет, сонда).
Жортушы жолаушыға жол ұзақ-ты,
Ауылға жаңа жетті жалғыз атты.
Қос шекті домбырасы "Нар ідірген",
Жүрегін жиналғанның зар жылатты.
Бір кезде ол шертіп кетті

"Сылқылдақты",
Аққуды жалғыз қалған сұңқылдатты.
Кім білсін... түніменен көз ілместен,
Дөңбекшіп төсегінде сылқым

жатты...
("Жортушы жолаушыға" 35-бет, сонда).

Осынау шынайы шумақтар өнердің мыңсайрам түрінің ішкі иірімдерін деп басқан нағыз ақын қаламынан туғандығын паш етеді. Көзіне мақтамағанмен сыртынан сыршылдығына тамсанып жүрген біздің де енді өлеңсүйер қауымға Ордаш ақын Кендірбаевтың шырайлы шығармашылығы қақында иін қандырып айтар уақытымыз келген сияқты. Өмірде орнықты, отбасында жайлы, қызметте сыйлы болған білікті жанның қатарластары адамдығын әспеттесе, сыншы қауым ақындығын зерделі зерттеу нысанасына айналдырары хақ. Тасқа басылып, хатқа түскені, қолжазба күйінде қалғаны бар мүкәммал-мүлкі, толыққанды мұрасы толымды бір "Сарыесік сазы" атты кітап болып 2008 жылы оқырмандармен жүздескен болатын. Желегі жап-жасыл Жетісуда өлеңсүйер, өнерсүйер адамдардың арасында Ордаш ақынның есімі ұмытылмай келе жатқаны өлеңінің өміршеңдігі болар.

Жомарт ИГИМАН.

Арнаулы әлеуметтік салада қызмет көрсетудің бағыт, тәсілдері

Қазіргі кезде қоғамдағы әлеуметтік осал топтар – мүмкіндігі шектеулі жандар, ерекше қажеттіліктері бар балалар ерекше қолдауды қажет етеді. Осындай көмек көрсететін жүйе – арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласы. Бұл салада қызметтердің тиімділігі көрсетілетін көмек жүргізілетін жұмыстың бағыты мен тәсілдеріне тікелей байланысты.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын мамандардың бірі логопед пен дефектолог. Олар психофизикалық дамуында ауытқуы бар тұлғалардың әлеуметтенуіне, білім алуына, сөйлеу қабілетін қалыптастыруға бағытталған көмек көрсетіледі. Мамандардың жұмысы – оңалту мен бейімделудің маңызды бір бөлігі.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде жұмыс істейтін логопедтер мен дефектологтардың қызметі тек білім беру саласымен шектелмейді. Орталықтағы әрбір қызмет алушының даму деңгейі, мүмкіндігі мен диагнозы әртүрлі болғандықтан жеке түзету-дамыту бағдарламасы жасалынады. Жұмыс барысында: - көрнекі құралдар; - дидактикалық материалдар; - коммуникацияны жеңілдететін альтернативті әдістер; - сенсорлық, тактильді ойындар; - дыбыс қою, «лого-массаж». - нейрораттығулар, - құм терапиясы қолданылады.

Бұл мамандықтар ерекше жауапкершілік пен эмоционалдық төзімділікті қажет етеді. Себебі логопед



пен дефектолог қызмет алушылармен ұзақ уақыт жұмыс жасап, дамуындағы ең кіші жетістіктеріне дейін жүйелі түрде бақылап, бірге марқаяды.

Дефектолог пен логопед мамандары арнаулы әлеуметтік қызмет жүйесінің ажырамас бөлігі десек артық айтпас едім. Орталықтағы дефектолог-логопедтер тек сөйлеу мен даму кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, қоғамға бейімдеуге үлкен үлестерін қосуда.

М.ЖАМАНТАЕВА,

«Сенім» Сарқан күндізгі болу орталығы КММ дефектолог-логопеді.

Адам баласы пайда болғалы бері белгілі бір кәсіппен күнелтудің немесе өмір сүрудің жолын табады. Ғасырлар өз жемісін беріп заманға сай талапты меңгертуге бар күш – жігерін салауда. ХХІ ғасыр білім және ғылым ғасыры. Бұл ғасырды әлемдік заманауи стандарттарға сай өркендейтін кезең деп білеміз. Ұстаз ең алдымен білімді ақпараттық құралдарды жетік меңгерген, үнемі өзі үшін ізденуі қажет.

Ұстаз – ұлы тұлға

Адам баласы шын мәнінде білімді болу үшін үш қасиет: жан-жақты ілім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім қажет. Әрбір оқушының өн бойына осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра аламыз. Жаңа – әдіс тәсілдерді ендіруде ұлттық құндылықтарымыз ешқашан да назардан тыс қалмауы керек. Себебі ғасырлар бойы қалыптасып, қазақ елінің өсіп – өркендеуінде ұлттық құндылықтың маңызы өте жоғары деп білеміз. Қазақтың тиым сөздерінің өзі тұнып жатқан тәрбие мен философия емес пе?! Жас буынның талаптары мен қажеттіліктеріне сай оқыту үшін не керек? деген мәселелер көп толғандырады. Мұғалім өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі екінші қыры болмақ. Үшінші қыры – мұғалімнің тілді меңгеруі – тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі өнер. Себебі, тіл тәрбие құралы. Төртінші қыры – тынымсыз, ізденімпаздығы. Бесінші қыры – әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы. Себебі, мұғалімнің келбеті – сыртқы мәдениеті, қарым – қатынасы, өзін – өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі. Осы жайтты ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың «Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» деген сөздері арқылы түсіндіруге болады. Ұстаз деген ұлы аттың абыройын асқақтату біздің ұлы мақсат екенін ұмытпауымыз қажет.



М. УАНБАЕВА,

Абай атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Ежелгі Қарлұқ қазанашының астанасы - Қойлық засыр шежіресі

Қойлық ХІ ғасыр мен ХІІІ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы жазбалардан қарлұқ жабғуларының астанасы ретінде Қаялық атауымен белгілі. Кейін Шағатайлықтардың аса ірі саяси-мәдени экономикалық орталығы болды. Қойлық ауылының шығыс жағында, Жоңғар (Жетісу) Апатауының етегінде жатыр. Сан ғасырлар бойы саяхатшылар мен елшілер және сауда керуендері жүрген Жібек Жолы, қазіргі Алматы-Өскемен трассасы Қойлық ауылын тура ортасынан екіге жарып өтеді. Ортағасырлық қалашыққа таяу тұста Арабсай шатқалы бар (шатқалдың аты ислам дінінің алғашқы таралу кезінде пайда болғанға ұқсайды). Қойлық қалашығының аумағы ұзындығы 750 де 1200 метрлік қисық төртбұрышты қамал қабырғаларымен қоршалған. Қазірге дейін жақсы сақталған шығыс қабырғасының биіктігі 4 метрге дейін жетеді. Қалған тұстарда жалпы ізі ғана аңғарылады. Кейбір құрылыстар, мәселен, Будда ғибадатханасы қала қабырғасының сыртында, бірнеше жүз метр жерде жатыр. Бұл бір жағынан, егіндік жерлер мен діни орталықтар шикі кірпішпен қоршалған қала орталығынан жыраққа, оңашаға салынғанын айғақтайды. Солтүстік-шығыс Жетісу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың қоғамдық өмірінде сарай, мешіт, базарлар әкімшілік орталықтардың міндетін атқарған. Қойлықтың монета сарайында құйылған күміс, мыс тиындар бұл кезеңде ХІІІ ғасыр айналасында қалалар ірі саяси, сауда және діни орталыққа айналғанын көрсетеді. Ерте мұсылман кезеңінде мұсылман жұртшылығының рухани өмірі билеушілерге арналған әсем кесенелер жанындағы сопылық ханакаларға шоғырланды. Ханакаға атақты әулие, тақуа, сопылар жерленген. ХІІІ ғасырдың ортасынан қалған күмбезді мешіт пен одан арғы кезеңдегі кесенелер мен ханакаларға жүргізілген қазба жұмыстары кезінде бұл пікір расталды. Қалашықтағы будда және манихей ғибадатханалары да зерттелген. Зерттеушілер бұл қалашық осы өңірде жаппай қала пайда бола бастаған VIII ғасырдың соңы IX ғасырдың бас кезінде дүниеге келген деп есептейді. Ортағасырлық археология мамандары мен ислам мәдениетін, Жібек Жолының солтүстік-шығыс бөлігіндегі алуан түрлі діни сенімдерді зерттеушілер үшін Қойлық қалашығының маңызы зор.

М. КАРИБЖАН,

Сарқан ауданының тарихы музейінің меңгерушісі.

К. Қазыбаев атындағы орта мектебінің 2 «А»-сынып оқушыларының шығармашылық жұмыстары

Менің елім



Мен Қазақстан деген үлкен, әдемі елде тұрамын. Біздің елімізде көп ұлттар тату – тәтті өмір сүреді. Біз бәріміз Отанымызды жақсы көреміз.

25-қазан Республика күні – еліміздің тәуелсіз, еркін мемлекет құру жолындағы ерекше күн. Бұл күнді әлі күнге дейін қазақ халқы ерекше құрметтейді. Болашақта еліміздің көркеюіне мен де өз үлесімді қосамын.

Агнетт АМАНКУЛОВА.

Республика күні

Қазақстан – менің елім, Табиғаты көркем жерім. Республика күнінде, Қуанышты көңілім!

Дамир АМАНКУЛОВ.



Менің елім

Елім деген жүректің, Жерім деген түлектің. Самғасын көк аспанда, Туы биік елімнің!

Өлімұр ҚАБЫЛҚАҚ.



Республикам – менің елім

Республикам – менің елім, Бейбітшілік тұнған жерім. Көк туымыз желбіресін, Көркейе бер, асыл өлкем!

Айару ЕРБОЛАТҚЫЗЫ.



Менің сүйікті мерекем – Республика күні


Республика күні – менің ең сүйікті мерекелерімнің бірі. Бұл мереке 25 қазанда атап өтіледі. 1990 жылы осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, дербес ел болды.

Бұл күні біз туған Отанымыз – Қазақстанды мақтан етеміз. Мектебімізде мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Онда біз өлең айтып, би билейміз. Мұғалімдер мен ата-аналар бізге елді сүюді, Отанды қорғауды үйретеді.

Қазақстан – үлкен, әдемі, бай мемлекет. Онда түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Мен өз елімді жақсы көремін және оны көркейткім келеді.

Менің Егеменді Елім – Қазақстан, мәңгілік жасай бер!

Айлин ИБРАГИМ.



25-қазан – Республика күні

25-қазан – біздің еліміз үшін өте маңызды мереке. Республика күні – еліміздің тәуелсіз, еркін мемлекет екенін білдіретін ерекше күн.

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Оның өз Туы, Елтаңбасы және Әнұраны бар. Бұл мемлекеттік рәміздер – еліміздің ең қымбат белгісі.

Мектепте біз бұл мерекеге дайындаламыз. Республика туралы өлең оқимыз, ән айтамыз, сурет саламыз. Ұстаздар бізге Отанды сүюді, елімізді құрметтеуді үйретеді.

Мен үшін Республика күні – мақтаныш мерекесі. Осы күні мен өз елімді жақсы көретінімді сезінемін.

Дидар БАҒДАТ.
Жетекшісі: Р.ДУБЕКОВА.



10 желтоқсанда генерал-майор Маратқали Ордабайұлы Нүкенов 70 жасқа толады.

Ұялы телефоным шыр ете түсті. Ар жақтан:

-Саламатсың ба, бауырым! Маратқали ағаң ғой,- деген дауысты естігенде біраз абдырап қалған жайым бар. Хабарласпағаныма да көп болған еді. Амандық-саулықтан кейін әңгіме соңын:

-Ағаңның 70 жылдық мерейтойы келе жатыр. Қадірменді қонағы бол,- деп аяқтады.

Әрине, білдей генералдың мерейтойына шақыруы өзім үшін үлкен мәртебе екені түсінікті. Көңілім көтерілгендіктен бе, өткенді еске алып, біраз ойланып отырып қалдым.

-Ұят-ай! Өмір жолында өзіме ұстаз әрі аға бола білген азаматтың жақындап келе жатқан мерейтойын қалай естен шығарып алғам? Баспасөз бетінде бір ауыз жүрекжарды пікір айтатын жөнім бар еді ғой,- деген ойдың шырмауына түсе бердім...



АЛДЫҢДА АҒАҢ БОЛҒАН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ

Әлі есімде. Ол кезде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істейтінмін. Желтоқсан оқиғасынан кейін Колбиннің қылышынан қаны тамып тұрған кез болатын. Газетімізге түсетін арыздар саны да көбейе бастады. Соның ішінде көбісі Жамбыл ауданының тұрғындарынан мал ұрлығы, үй тонау сияқты қылмыстардың жиі орын алуына байланысты арыздар еді. Арыз иелерінің көбісі құқық қорғау органы қызметкерлерінің тарапынан қылмысты ашу жөнінде тиісті шаралар қолға алынбай жатқаны жөнінде шағымданатын.

Бір күні газетіміздің бөлім меңгерушісі, марқұм Жолдасхан Бозымбеков аға түскен арыздардың ізімен Жамбыл ауданына іссапарға шықты. Іссапар барысында милиция қызметкерлерімен бірнеше күн бойы рейд шараларын ұйымдастырып, біраз былық пен шылықтың бетін ашты. Нәтижесінде газетіміздің бір бетін алып сын мақала шықты. Ол мақала бүкіл облыс көлемінде үлкен проблемалық мәселелерді көтерді. Сөз арасында Жолдасхан аға маған:

-Бекен бауырым! Айтпақшы, Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып сенің жерлесің Маратқали Нүкенов деген жігіт тағайындалыпты жақында. Өзі жас болса да жанып тұрған мықты азамат екен. Мал ұрлығына байланысты рейд ұйымдастырғанда тікұшаққа дейін іске қосты. Беталысы жаман емес. Ауданда тәртіп орнату қолынан келетін жігіт сияқты,- деді өз ойын ортаға салып.

Сәтін салғанда Жамбыл ауданына келесі іссапар маған тапсырылды. Бірден аудандық ішкі істер бөліміне бардым. Маратқали Ордабайұлы екеуіміз бұрыннан таныс адамдарша ұзақ әңгімелестік. Сөз арасында:

-Мәке, сіз келгелі осы ауданнан редакцияға түсетін арыздар да біраз тыйылды. Ол әрине, сіздің ғана емес, жігіттеріңіздің де еңбегінің арқасында ғой. Сондықтан да өз кәсібіне адалдығымен және ержүректілігімен талай қылмыстың бетін ашып жүрген қызметкерлеріңіз жөнінде тәрбиелік мәні бар мақала берейік,- дедім. Сол кезде қуанғанынан:

-Өте дұрыс айтасың. Міне, қазір солардың бір-екеуін шақыртайын,- деп жуырда ғана ауыр қылмыстың бетін ашқан қылмысты іздестіру бөлімінің оперативті өкілін шақыртты.

Осы күннен бастап менің қаламымнан милиция қызметкерлерінің жанқиярлық ерліктері жөніндегі детективтік жанрдағы жазғандарым жарыққа шыға бастады. Осылайша, өзімнің детектив жанрында қалам тербеуіме себеп болған алғашқы қадамым осы жерден басталды десем де болады. Кейіннен «Қорқаулар түнде жортады» атты детектив жанрындағы тырнақалды кітабы жарыққа шыққан кезде мұқабаның ішкі бетіне былай деп жаздым: «Кезінде осы кітап материалдарының газет беттерінде жариялануы барысында тиісті ақпараттар мен құжаттар алуда көп көмегін тигізген республика ішкі істер министрлігінің ұйымдастыру қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі алтыншы бас басқарма басшысының орынбасары, милиция подполковнигі Маратқали Ордабайұлы Нүкеновке алғысымды айтамын».

Әріптес ағам Жолдасхан Бозымбековтың Маратқали Нүкенов жөнінде айтқан пікірі көп ұзамай-ақ өз дәлелін тапты. Жыл қорытындысы бойынша Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімі Алматы облыстық ішкі істер бөлімдері

арасында барлық көрсеткіштері бойынша бірінші орынға көтерілді.

1990 жылы Маратқали Ордабайұлы Алматы қаласының Совет аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Біз аға тұтып жүрген азаматтың қалаға ауысқанына қуандық, әрине. Сол жылдары Маратқали Ордабайұлының көмегімен талай мақалаларды жарыққа шығарып, детектив жанрында қалам тербеп жүрген саналуы қаламгерлердің қатарына қосылды. Осы орайда мына бір оқиғаны тілге тиек ете кеткенді жөн көрдім.

Бірде кабинетіме өзім жақсы сыйласатын Қылышбек есімді (атын өзгертіп алып отырмын) әріптес інім кіріп келді. Өзі есімі республикаға танымал журналист. Байқасам, көңіл-күйі мүлде түсіңкі. Сөзді қиналықырап барып өзі бастады:

-Беке, сен милиция тақырыбына көп жазағып жүрсің ғой. Мен бір ыңғайсыз жағдайға тап болдым. Сенің көмегің керек,- дегені.

Сөйтсем, аузына шайтан суды татып алмайтын әлгі әріптес інім бір отырыста шамасын байқамай қалыпты. Оянса, айықтырғышта жатса керек. Содан «Суға кеткен тал қармайдының» кебін киіп, бұл тығырықтан шығудың жолын іздейді емес пе. Бірден есіне мен түссем керек.

Екеуіміз дереу Совет аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Маратқали ағаға бардық. Ол оперативті кезекшіге тапсырма беріп, сол күнгі деректерді тексергенде, аймаңдай болып әлгі әріптесімнің аты-жөні шыға келді.

-Маратқали аға,- дедім өтінішімді жалғастырып.- Бұл жігіт болашағынан үміт күттіретін талантты журналист. Және де жақында үй алу кезегінде тұр еді. Бұл хабар редакция басшылығына жетсе бәрінен айырылады. Тағдырына балта шаппай-ақ қойыңыз...

Маратқали Ордабайұлы үлкен азаматтық танытып, сөзге келген жоқ. Бұл кез әрине, М.Горбачевтың маскүнемдікке қарсы күрес жөніндегі атақты қаулысының күшіне мініп, талай азаматтар сол науқанның құрбаны болып жатқан кез болатын.

Маратқали ағамыз азамат ретінде сөзінде тұрып, әлгі мәселені дабыртпай, жаптырып тастады. Кейіннен әлгі әріптес інім үй алып, бірнеше кітаптар шығарып, есімін бүкіл ел танитын зиялы қауым санатына қосылды. Сонымен қатар талай лауазымды қызметтер де атқарды.

Сол Қылышбек әріптесім бірде маған кезекті кітабын алып келіп, сыйға тартты. Қарасам, шынымен де мазмұны мен полиграфиялық безендірілуі бір-бірімен үндестік тапқан керемет шығарма екен. Сол кезде өткен жылдардағы оқиға есіме түсіп:

-Осы кітабыңды Маратқали ағаға неге сыйға тартпайсың? Сенің қандай дәрежеге жеткеніңді көріп бір қуансын да. Өткенді еске алып бір күлейік,- дедім. Ол сасып қалды да:

-Шын айтасың, Беке. Егер сол кезде Маратқали аға азаматтық танытпағанда тағдырымыз қалай қалыптасатын еді?- деп ойланпай қалды. Содан кейін:

-Хабарласшы, барып қайтайық,- деді. Телефон шалып едім, байланыс аясынан тыс жерде болып шықты. Сөйтіп, талай тарихты қозғайтын қызықты кездесудің сәті түспеді. Бірақта біздер ол кісінің сол азаматтығын ешқашан ұмытпаймыз, әрине...

1999 жылы көктемінде Маратқали Ордабайұлы Кеден комитетінің төрағасы

болып келді. Біздің қуанышымызда шек жоқ, әрине. Сол жылдың қараша айында мен дәм-тұз бұйырып, Шығыс Қазақстан облыстық бас кеден басқармасына қарасты «Ауыл» кеден бекетіне бастық болып тағайындалдым. Сөйтсем, Маратқали Ордабайұлының есімі Семей өңіріне де жақсы таныс екен. Көпшілігі мені бұл қызметке Маратқали Ордабайұлының ықпалы арқылы келді деп ойлап қалса керек.

Бірде Семей қаласында ішкі істер органының қызметкерлерімен әңгімелесіп отырған едім. Сөз арасында сол кездегі Семей қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мұратай Ибраев деген жігіт:

- Беке, сіз Сарқан ауданынан болсаңыз, Маратқали Нүкеновты танытып шығарсыз?- деді. Мен жақсы танитындығымды айттым. Сол кезде ол:

- Маратқали Ордабаевич бізде Семей облыстық тергеу комитетінің басшысы болып қызмет істеген кезде бәрімізді үлкен бір кәсіби мектептен өткізді. Мен ол кісі сияқты еңбекқор, талапшыл және өз ісін терең білетін басшыларды сирек кездестірдім,- деді.

Сонымен қатар кезінде Маратқали Ордабайұлы Семей облыстық тергеу комитетінің бастығы қызметінде жүрген кезде штаб бастығы қызметін атқарған Рафик Мустакимов былай деген еді:

-Маратқали Ордабайұлының өз ісін жетік білетін басшы және маман екендігіне талай тәнті болдым. Себебі ол Семей облысындағы қызмет атқарған кезде 10-15 жыл бұрын жабылып қалған қылмыстық істерді қайта көтеріп, талайын әшкерелеуге ықпал етті. Және де тергеушілердің өндірісінде тұрған кез-келген қылмыстық істердің барлығының жүргізілу барысын жіті назарда ұстайтын. Сондықтан да тергеу барысында ешбір құйтырқылықтарға жол берілмеді.

Бұндай жылы сөздерді тағы басқа да азаматтардан жиі естідім. Солардың бірі отставкадағы полиция полковнигі Ауылбек Қашымұлы деген азамат: «Маратқали Ордабайұлы Семейден мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының орынбасары қызметіне шығарып салуға халық көп жиналды. Шығарып салу рәсіміне байланысты жан-жақтан сыйлықтар да көп келді. Сол кезде Маратқали Ордабайұлы әлгі сыйлықтардың біреуін де алмай, қарамағындағы жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген және жанұя жағдайы төмен қызметкерлерге үлестіріп кетті» деді жылы пейілде.

2000 жылы кәсіби кеденшілер арасында алғашқылардың бірі болып талайдан бері дайындап жүрген оқулық құралын шығармақшы болдым. Себебі, бұл кез кеден саласы бойынша тиісті практикалық оқу құралдарының жетіспей, кеден заңы да толық жетілдірілмеген кез болатын. Кітабымды дайындап болған соң Маратқали Ордабайұлының қабылдауына бардым. Себебі, кітапты мемлекеттік тапсырыспен шығару керек болды. Бастығым өте жылы қарсы алды. Және де оқу құралына рецензияны сол кездегі білім және ғылым министрінің бірінші орынбасары Ерлан Арын мен заң ғылымдарының докторы, профессор Сайлаубек Әлібеков жазған болатын. Кітабымды қарап отырып, жақсы баға берді. Содан кейін кітапқа Алғы сөзді өзі жазып беретінін айтты. Бұл мен үшін күтпеген жағдай еді.

Көп ұзамай «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі: сұрақтар мен жауаптар – Таможенное дело в РК: вопросы и ответы» атты оқу құралым үш мың таралыммен екі тілде жарыққа шықты. Сол кезде кеден саласында қырын

қарап жүретін кейбір пенделер кітаптағы Маратқали Ордабайұлының алғысөзін көргенде кәдімгідей аяқтарын тартып, демдері іштеріне тығылып қалды. Сонымен қатар 3 мың данамен шыққан аталмыш оқу құралы оқырмандар арасында лезде тарап кетіп, маған автор ретінде үлкен абырой әкелді. Бұған қоса көп ұзамай баспадан қайта басу жөнінде қосымша ұсыныс та түсті.

Сонымен қатар көптеген жоғары оқу орындарының «кеденісі» факультеттерінің оқу бағдарламасына да енгізілді. Сол кітап бойынша аттестациялық тест сұрақтары да құрастырылды. Бұған қоса Шығыс Қазақстан облыстық кедендік бақылау департаментінде кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының басшысы қызметінде жүрген кезімде Жолқұрылыс институтының ректораты маған «кеден ісі» факультетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болу жөнінде өтініш тастады. Сөйтіп, екі жыл қатарынан аталмыш жоғары оқу орнында сабақ беріп, «кеден ісі» факультетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болдым.

Жалпы, Маратқали Ордабайұлы жөнінде әңгіме қозғаған кезде кейіпкеріміздің ел алдындағы сіңірген еңбегін бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Себебі ол қаншама жыл құқық қорғау саласында қызмет ете жүріп, төрт салаға түрен салған санаулы генералдардың бірі және бірегейі. Атап айтсақ, ішкі істер министрлігі саласында комитет төрағасы, ұлттық қауіпсіздік саласында комитет төрағасының орынбасары, мемлекеттік тергеу комитеті саласында төрағаның орынбасары, кеден саласында комитет төрағасы сияқты жауапты қызметтер атқарды. Қай жерде жүрсе де, сол саланың көсегесін көгертуге тырысты.

Атап айтсақ, өзіміз білетін кеден саласын басқарған кезде кеден жүйесінің жұмысының бірінші болып автоматтандыруға көшірілуі, әлемдік стандартқа сай кинологиялық орталықтың салынуы, «Қордай», «Бақты» кедендері мен «Жібек жолы» сияқты халықаралық дәрежедегі кеден бекетінің бой көтеруі және басқа да құрылыстардың, инфрақұрылымдардың дүниеге келуі тікелей Маратқали Ордабайұлының басшылығы кезінде жүзеге асырылды.

Маратқали Ордабайұлы қазіргі уақытта еңбек демалысына шықса да, ағалық-інілік сыйластығымыздың арасынан қыл өтіп көрген емес. Өмір бойы қауырт жұмысқа үйреніп қалғандықтан шығар, қол қусырып отырған жайы жоқ. Ғылыммен және ұстаздық етумен айналысады. Заң ғылымдарының докторы, профессор деген ғылыми дәрежесі бар. Алматы облысы Сарқан ауданының Құрметті азаматы. Бірнеше немеренің атасы. Жеңгеміз Раушан Бүркітбаева болса есімі елімізге танымал ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері. Еліміздің әдеби-мәдени өміріндегі шаралардың бәрінде белсене ат салысып жүреді. «Таинство ночи» атты өлеңдер жинағын оқырмандар қауымы өте жылы қабылдады. Сондықтан да Маратқали ағамыздың артынан ерген інілері әрі шәкірттері ретінде ол кісіні әрдайым «Арқа тұтар ағамыз» деп мақтан етеміз. Иә, алдында ағаң болған қандай жақсы.

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі,
халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты, кеден
қызметінің полковнигі.

Моя победа, моя Москва, МОИ ЭМОЦИИ



Этот год стал для меня особенным: я не только приняла участие в международном конкурсе двуязычных эссе «Билингва», но и вошла в число победителей, заняв почетное 3-е место. Это достижение стало значимым этапом в моей жизни и подарило мне чувство гордости и уверенности в своих силах.

Самым главным призом для меня стала поездка в Москву вместе с моим классным руководителем – Кузнецовой Е.Н..

Наше путешествие началось с посещения ВДНХ — одного из самых известных мест столицы. Там нам представили огромный интерактивный макет города Москвы. Он был настолько подробным, что казалось, будто смотришь на настоящий оживленный город сверху. Это зрелище очень впечатлило меня.

Позже, нам провели экскурсию по Москве. Мы увидели много красивых и значимых мест, узнали интересные факты о достопримечательностях города и почувствовали атмосферу большого мегаполиса.

Особенно мне понравилось посещение Кремля в Измайлово, который расположен в одном из самых живописных районов Москвы, на берегу Серебряно-Виноградного пруда. Он выглядел как сказочный город с яркими башнями, деревянными избами и необычной архитектурой. На территории комплекса работают ремесленнические мастерские и кузницы, где можно увидеть мастер-классы по созданию изделий народных промыслов, от гончарного дела доковки металла. Там было очень красиво, колоритно и уютно.

Конечно, мы побывали и на Красной площади — сердце Москвы. Я увидела знаменитый собор Василия Блаженного, Кремль и Спасскую башню. Стоять на Красной площади было волнительно: это место хранит историю и обладает особой атмосферой. Путешествие в Москву стало яркой страницей моей жизни и оставило глубокий след в душе. С искренней благодарностью вспоминаю ребят, с которыми мы познакомились и отлично провели время и организаторов конкурса, благодаря которым у меня появилась возможность увидеть столицу и пережить незабываемые эмоции. Мое участие в конкурсе принесло мне не только заслуженный подарок, но и уникальное путешествие, которое останется со мной навсегда.

Злата ШВАЙКИНА,

ученица 8 класса школа-лицей им. Н.Островского.

Бен туған күн, мерекеніңің!

Құрметті Ақбота Меделбекқызы!

“Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі” КММ ұжымы Сізді 40 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды! Өзіңіздей адами қасиеті жоғары, жан – жақты, талапшыл да әділ басшының жетекшілігінде еңбек ету – біз үшін зор мәртебе. Сіздің мектеп дамуына қосқан үлесіңіз, ұстаздарға көрсеткен қолдауыңыз бен әріске жауапкершілікпен қарайтын көшбасшылық шеберлігіңіз ұжымға ерекше жігер сыйлайды.

40 жас – дара жолдың даңғылы ашылатын, толысқан шағы. Осы мерейлі жасыңыз жаңа жетістіктерге, жарқын жеңістерге, шығармашылық шабытқа толы болсын! Алдағы уақытта да еңбегіңіздің жемісін көріп, биік белестерді бағындыра беріңіз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық береке, кәсіби табыс және мәңгілік шапағат тілейміз!

Жүрегіңізді мейірім, бойыңыздағы қажыр – қайрат, білім жолына деген адалдығыңыз Сізді әрдайым абырой биігінен көріндірсін.

Ізгі ниетпен: “Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебі” КММ ұжымы.



Күле жүреіік...

Бір бала әкесіне келіп, күле береді. Әкесі одан мән-жайды сұрайды.
- Балам саған не болған.
- Мен жаңа ғана бір таксисті алдап кеттім.
- Қалай?
- Оған ақшасын беріп, өзім мінбей қашып кеттім, – деген екен.

ӘДЕП – ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі қоғамда адам мәдениетінің басты өлшемдерінің бірі – әдеп нормаларын сақтау. Әдептілік – адамның ішкі болмысын, өзгеге деген құрметін және жауапкершілігін айқындайтын әмбебап құндылық. Осы құндылықтарды ұстану қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдеп нормалары адамдар арасындағы өзара сыйластықты қалыптастырып қана қоймай, қоғамдық тәртіптің сақталуына да ықпал етеді. Өсіресе мемлекеттік қызметте, білім беру ұйымдарында және халықпен тікелей жұмыс істейтін салаларда әдептілік талаптары жоғары деңгейде орындалуы тиіс. Ол ашықтықты, әділдікті, сыпайылықты, кәсіби мінез-құлықты және қызметтік жауапкершілікті қамтиды.

Жастар арасында әдеп мәдениетін қалыптастыру – болашақ қоғамның дамуына салынған маңызды негіз. Мектеп пен ата-ана тәрбиесінің үйлесімділігі, қоғамдық ортадағы оң үлгі жастардың мәдениетті, сыпайы, жауапты азамат болып қалыптасуына әсер етеді.

Әдеп нормаларын сақтау – жай ғана міндет емес, бұл қоғамда тыныштық пен береке орнататын күш. Әдепті адам – сыйлы адам, әдепті қоғам – тұрақты қоғам. Сондықтан әрбір азамат күнделікті өмірде де, қызмет барысында да әдеп талаптарын басшылыққа алуы тиіс.

**Екіаша ауылдық округі
әкімі аппараты.**

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар!
Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сансаланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы

тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе



газетіне жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 5172 теңге.**

**Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.**

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.**

Алғыс айталамыз!

Денсаулығымыз сыр бергенде, аурухана жағалап, дәрігерлер қауымынан дертімізге шипа сұрайтынымыз жасырын емес. Осы орайда өзіміздің аудандық орталық аурухананың ақ халат жамылған қолдары шипалы, сөздері ем, абзал жүректі бір топ дәрігерлеріне ерекше алғыс айтқым келеді.

Қашан барсаң да күлімдеп қарсы алып, тиісті ем-домын жасап, сөзбен де іспен де жанымызға жалау бола біледі. Олар Емхана меңгерушісі Қанатбек Аида Ерланқызы, сондай-ақ Батырбекова Гүлсара Түсіпқанқызы, кардиологияда Мәнсия Ондасынқызы, эндокринолог Ажар Болатқызы, терапия меңгерушісі Көрібаева Арайлым Бегарысқызы сынды дәрігерлер.

Мен сіздерге қандай алғыс айтсам да аз. Сапалы ем, зор қолдау мен қамқорлық көрсеткендеріңіз үшін жүрегімнен шыққан шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз – адамдарға үміт сыйлайтын нағыз мейірім жолы.

Құрметті дәрігерлер! Маған көрсеткен сапалы емдеріңіз, әр күнгі жауапкершілікпен атқарған еңбектеріңіз, жылы сөздеріңіз бен кәсіби кеңестеріңіз үшін үлкен алғыс білдіремін. Әр науқастың саулығы үшін жан аямай еңбек ету – үлкен жүректілік пен мамандыққа деген адалдық. Дендеріңіз сау болып, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға мол табыс тілеймін. Еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, науқастарға мейірімділікпен шипа дарыта беріңіздер!

**Ұ.МАЙТАСОВА,
Алмалы ауылы.**

Хабарландыру

Курманғалиев Симбек Бейсимбековичтің атына тіркелген Сарқан ауданы, Көкжиде ауылындағы шаруа қожалықтың 560.0 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-057-113) жеке меншікке құқық беретін №1142930 мемлекеттік тіркеу актісі және де өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Дәуен Қамбардың атына берілген Mitsubishi Nativa маркалы 311 ААР 19 мемлекеттік нөмірлі көліктің №АТ 00467997 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық Ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы **ЕЛУБАЕВА Сәния Абылайханқызының** қайтыс болуына байланысты туғандықтарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Құрылтайшысы:
“Сарқан газеті” ЖШС директоры
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жума күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.